



№12 (198), 2024
(Желтоқсан-Декабрь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. ЕСЕНҒАЗЫ

Қазақ қоғамында ер адам мәртебесін көтеру мәселелері
хақында3

І. АМАНГЕЛДІ

Кәсіби өзін-өзі анықтау – орта мектеп оқушыларының
өмірлік өзін-өзі анықтауының бөлігі ретінде6

Г. ЖУКЕБАЕВА

Оқушыларды психологиялық тестілеу арқылы түзету
мен дамытудың маңызы12

Н. МЫРЗАҒАЛИЕВА

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында
психологиялық қызметті ұйымдастыру жүйесі15

А. ТЕЛІКБАЕВА

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық
ерекшеліктері18

Н. ДУЙСЕНОВА

Ассертивті мінез-құлық: өз пікіріңді білдіру22

К. КЫДЫРБАЕВА

Сказкотерапевтическая игра для учащихся 5 класса25

А. АГАЙДАРОВА, А. ТУРСУМБАЕВА

5-сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг 30

Ш. МАХАТОВА

Жоғары сыныптың ата-аналары мен оқушылары
арасында өткізілген танымдық сабақтың жоспары32

А. ГУБАЙДУЛЛИНА

11-сынып оқушыларына арналған психологиялық
тренинг35

К. АБИТОВА

8-сынып оқушыларына арналған тренинг жоспары38

Конференцияға шақыру43

Приглашение на конференцию45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

26. 12. 2024 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print

House GERONA>>

типографиясында

басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев

көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
профессор (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая
Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)

 Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

 Опубликовано материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 26. 12. 2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Қазақ қоғамында ер адам мәртебесін көтеру мәселелері хақында

Н. ЕСЕНФАЗЫ

Бүгінде қоғамда ер адам мәртебесі төмендеп кетті деген сөз пайда болды. Неге?! Біз қазіргі таңда «ер адам мәртебесі» деген сөздің мағынасын жете түсінеміз бе?! Көбіне ер адам мәртебесі жөнінде әңгіме болғанда мектепте мұғалімдер, колледжде оқытушылар арасында ер азаматтардың аздығынан көреміз. Немесе мемлекеттік қызметкер - ер азаматтардың әскер қатарында болмағанымен байланыстырамыз. Көбіне ұл баланың жігерсіз, ынжық, әлсіз, ез екені байқалған кезде ғана ойлана бастаймыз

Мысалға: Жақында қарттар үйіне қайырымдылық жасау мақсатында барған азаматтарға, қарттар үйінің басшысы: Қарттар үйіне монша керек! - деп айтыпты. Қарттарға монша емес, балаларының махаббаты керек. Балалары бір уақыт, қарттар үйіне әкеліп тастаған әкесің, не анасын жетісіне бір рет өздері моншаға апарып жуындырып әкелсе дұрыс болар еді. Қартайған ата-анасын үйіне апарып, бір күн қызмет жасаса балалық шағы есіне түсіп мүмкін қарттар үйінен ата-анасын алып кетер.

Шет елде «Болашақ бағдарламасымен» оқып жатқан жастар оқуын бітіргесін елге келмей сол жақта қалып жатады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы», - деген Әл-Фараби атамыз.

Әскерге шақыру науқанында ата-аналар да жауапсыздық танытады. Баламды әскерге жібермеймін дейтіндер де бар. Олай болмайды. Әкесі баласын әскерге барып, Отан алдындағы борышын өтеп келу үшін, ең бірінші, өзі дайындау керек. Өзінің әскер қатарында болған тарихын айтып, тәжірибесімен бөлісіп, ер адамның мәртебесі жөнінде ұлына түсіндіріп, сыртынан қадағалап отырған жөн. «Баланың төнтектігін қойдырамын деп, жігерін жасытып алма» дегендей, баланың төнтектігін, еркелігін еңбекке бағыттайтын әкесі емес пе?

«Отан отбасынан басталады» демекші, әр әке, ата ұлдарын ер мінезділікке және отансүйгіштікке тәрбиелеуге міндетті. Әке ұлының бойына мектеп қабырғасынан әскерге дайындау мұғаліммен бірге әскер болу тәрбиенің ерекшеліктерін сіңіре берген дұрыс. Әскери тәрбие көрген жастар аз уақыттың ішінде әскер өміріне тез

бейімделеді. Сарбаздар қатарына рухы мықты, әскери өнері нығайып және Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлік деңгейінен, дайындық сынынан сүрінбей өткен жастарды ата-анасы, тума-туысқандары, Руластары, Ұлы Қазақ Елі мақтан тұтатындай болу керек. «Ұланы бар елдің ұраны бір» дейді дана, ұлы қазақ халқы.

Тәуелсіз ел болу үшін ең маңызды нәрсе – ол қауіпсіздік. Әлемдік аренада мемлекеттердің мықтылығы ғылым, мәдениет, экономикамен қатар, әскери күшпен де өлшенетіні мәлім. Мемлекет тарапынан жастарды әскерге үгіттеу, жігерлендіру шаралары қолға алынса, ата-анасы және мұғалімдер қолдау білдірсе, әскерден борышын өтеп келген жастарды ғана Мемлекеттік қызметке алса, арлы, парасатты, сегіз қырлы, бір сырлы, дана, жігерлі, намысты жастар саны артады. Сондай жастарды, олардың әкесін және әскерге дайындаған мұғалімін телеарналардан жиі көрсетіп, газет-журналдарға жазып, радиодан айтып тұрған жөн. Қазақ жастары – елін қасық қаны қалғанша қорғаған батырлардың ұрпағы. Сол заманда батырларды ақындар, би-шешендер, хандар мемлекетке деген сүйіспеншілігін қалай жігерлендірсе, мемлекет те сондай жағдай жасап, журналистер көптеп насихаттық, жігерлі жазбалар шығарса нұр үстіне нұр болар еді.

«Әке» деген құрметті де құдыретті сөзді естігенімде, көз алдыма әкемнің бейнесі, әкемнің әкесі – атамның бейнесі есіме түседі. Біз әкелердің алдында әрдайым қарыздармыз. Әке мен ұл арасындағы көзге көрінбес байланыс – қылдай берік, алтын көпір секілді. Әкеге деген ұлдардың ақ көңілі мен үзілмес махаббатын бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан болар, ұлы қазақ халқы «Әке – асқар тау» «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» – деп ұлықтап, басына көтеріп, сый-құрмет көрсетіп жатады. Демек таудай әкелер алыстаған сайын зор болып көрінеді, бағасы артады, бірте-бірте көңіл сағынышына айналады. Ұлы Қазақ Халқында «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді», «Ата-анаңның қадірің, балалы болғанда білерсің», – деген мағыналы, философиялық мәні бар жақсы сөз бар.

Әке болу – үнемі жауапкершілікті талап ететін биік лауазым. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі» немесе «Әке көрген оқ жоңар, шеше көрген тон пішер» деп, ұлы қазақ халқы бекерден бекер айтпаған. Жас бала отбасында нәні көрсе, өскенде соны істейтінін ойдан шығармағанымыз абзал. Сондықтан әке мен шешенің өз балаларының алдында құрметті, сыйлы, беделді болғаны жөн. Балалармен ой бөлісуге әрдайым уақыт тауып, оның ішкі дүниесінде болып жатқан өзгерістерді бақылауда ұстаған жөн. Егер олай болмаса, жас бала ақылдасар кісіні сырттан іздейді, ауладағы, көшедегі замандастарының пікірі бойынша ой түйіп, солардың жетегінде кетуі

әбден мүмкін. Олар жақсы болса жарады, ал жаман жолға салып жіберсе не болмақ?

Бала тәрбиесіне әке де, ана да бірдей жауапты. Олардың әрқайсысын бөле-жара қарауға болмайды. Ақылды ана балаларының алдында әкелерін мысалға келтіріп, «әкеңнен үлгі ал», «әкеңді сыйлаңдар», «әкеңді құрметтендер» – деп әрдайым оның жақсылығын, оның ізгі қасиеттерін айтып отыру керек. «Әке – үйдің иесі, әйел – үйдің киесі» деп әкенің рөлін жоғары қойып отырған ана отбасына береке алып келеді. Сонда ғана әке абыройы өсіп, мерейі биік болады.

Ел ішінде «Ұлын ұяға, қызын қияға» қондырып, немере-шөбересін қызықтап, шаңырағынан шаттық лебі ескен өнегелі отбасылар қатары аз емес. Сәні мен салтанаты жарасқан берекелі шаңырақ кім-кімге болсын үлгі. Ата-бабамыз: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», – деп адам өмірінде отбасы тәрбиесінің мәні мен маңызын баса айтады. Расында да, отбасы – өмірге жаңа келген сәбидің тұңғыш ұясы, алғашқы ұстазы. Аяғын тәй-тәй басқан ол ненің ыстық, ненің суық, ненің жаман, ненің жақсы екенін осы өзі өмірге келген отбасынан біліп өседі. Отбасы – адамды үлкен өмірге дайындайтын мектеп. Ал саналы тәрбиені, сапалы білімді бала өзара түсіністікте, бақытты ортада өмір сүретін, сол бақытты жасай алатын отбасынан алады. Берекелі әулеттің перзенттері ұрпаққа сана себер сәуледей әрқайсысы өз жолын таңдап, тек білікті маман ғана емес, адамгершілік тұрғыда кемелденген азаматтар биік белестерді бағындырып отырады. Осы орайда Саққұлақ бидің «Адамның бас- шысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген аталы сөзі ойға оралады. Осы қасиеттерді бағалай білгендер ғана үлгілі отбасы бола алады.

Азамат деп ер адамға да, әйел адамға да бірдей айтылады. Азамат сөзі: ұлылық, мәртебелілік, кереметтілік, ел азаматы, көмелеттілік, дара тұлға деген мағыналар береді. Азамат ұғымын мемлекет деңгейінде қарастырғанда, ол қоғамның тең құқықты мүшесі мәніне ие болады. Ғылыми-теориялық қырынан қарағанда бұл адам құқығы мен азамат құқығының аражігін ажырататын да ұғым. Өйткені азамат белгілі бір мемлекеттің, саяси бірлестіктің тең құқықты мүшесі және оның барлық саяси құқықтарына ие тұлға ретінде әрекет етеді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында 16 жастан бастап ресми түрде мемлекет азаматтығына қабылданады (Жеке Куәлік және қажет болса паспорт беріледі), ал үйленіп, отау құруға 18 жастан бастап рұқсат етіледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдағы орны

мен негізгі құқықтары Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімінде белгіленген. Отанды қорғау – қашанда қасиетті де қастерлі ұғым. Ата Заңымыздың 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп атап көрсетілген.

Ер адамдардың мәртебесін көтеру үшін не істеу керек?

Біріншіден, Қазақстан Республикасы Әділет Министірлігіне 23 мамыр 2023 жылы тіркелген «Қазақ Билер Алқасы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысы бойынша қоғам белсенділерінен Халық өздері Би сайлап, Қазақ Билер Ақылдасу Алқасын құру керек.

Мысалға: балабақшалар мен мектептерде ата-аналар жиналысына ер адамдар бармайды, соның кесірінен ата-аналар кеңесінің төрайымын әйел адамдардан тағайындай салады. Ол дұрыс емес. Ер адамдардың мәртебесін көтеру үшін ата-аналар жиналысында Би сайлану керек. Би тек ер адамдардан сайлайды.

Екіншіден, Халық сайлаған би азамат Жарғыға сай болу керек.

Үшіншіден, Қазақ Билер Ақылдасу Алқасы Жарғы бойынша барлық туындаған мәселені адамгершілік тұрғыда, әдеп сақтап, мәдениетті түрде, Заң аясында мекеме басшысымен ақылдасып шешу жолдарын қарастырады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – орта мектеп оқушыларының өмірлік өзін-өзі анықтауының бөлігі ретінде

I. АМАНГЕЛДІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының өмірлік өзін-өзі анықтауының бөлігі ретінде кәсіби өзін-өзі анықтаудың теориялық аспектілері қарастырылады. Жеке тұлғаға және еңбек қызметіне қойылатын қазіргі талаптар тұрғысынан кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңыздылығы атап өтілген. Кәсіби таңдау процесіне әсер ететін өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі танудың рөліне ерекше назар аударылады. Сондай-ақ, өзін-өзі анықтау процесін қолдаудағы әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық тәсілдер талданады, бұл әсіресе мамандық таңдауда қиындықтарға тап болатын жасөспірімдер мен жоғары

сынып оқушылары үшін маңызды.

Кілт сөздер: кәсіби өзін-өзі анықтау, жоғары сынып оқушылары, өзін-өзі бағалау, еңбек қызметі, педагогикалық қолдау.

Annotation

This article examines the theoretical aspects of professional self-determination as part of the life self-determination of high school students in general education schools. The importance of professional self-determination is emphasized in the context of modern requirements for personality and labor activity. Particular attention is paid to the role of self-assessment and self-knowledge, which influence conscious career choice. Social, psychological, and pedagogical approaches to supporting the self-determination process are also analyzed, which is especially relevant for teenagers and high school students facing difficulties in making career decisions.

Keywords: professional self-determination, high school students, self-assessment, labor activity, pedagogical support.

Қазіргі әлемде адамның кәсіби өзін-өзі анықтауы кем дегенде екі маңызды ерекшелікке ие. Біріншіден, бұл дәстүрлі кәсіптік білім беру жүйесінде меңгеруді қажет ететін жаңа мамандықтар мен бағыттардың пайда болуы. Екіншіден, кәсіби қызметтің қалаған саласын таңдау қазіргі уақытта ерте жаста жүзеге асырылуы тиіс, себебі кешігудің салдарынан уақыт жоғалуы мүмкін, ал жасөспірім ересек өмірге көшкенде әлеуметтік бейімделу қиындықтарына тап болуы ықтимал.

Кәсіби өзін-өзі анықтау жеке тұлғаның белгілі бір кәсіби қоғамдастыққа енуімен тығыз байланысты. Бұл үдеріс адамның әлеуметтік нормалар мен ережелерді меңгеруі арқылы жүзеге асады, ал кәсіби өзін-өзі анықтаудың әлеуметтік аспектісі адамның өзінің және қоғам мүддесі үшін тиімді әрекет ету қабілетімен өлшенеді. Осылайша, кәсіби таңдау механизмі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып шешім қабылдау үдерісін білдіреді.

Отандық ғалымдардың еңбектерінде кәсіби өзін-өзі анықтау мен кәсіби бағдарды жеке тұлғаны әлеуметтендіру тұрғысынан қарастыру жиі кездеседі (мысалы, Г.О. Абдикерова мен М.С. Садырова, Е.Б. Дуйсенбеков және А.М. Байкулова). Ал шетелдік зерттеушілер кәсіби ниеттерге (Иконникова С.Н., Лисовский В.Т., Захаров Н.Н., Сахаров В.Ф., Чистякова С.Н.) және тұлғаның кәсіби қалыптасуына (Власов Т.П., Сазонов А.Д.) ерекше назар аударады.

Өзін-өзі анықтау – адамның дамуының күрделі әрі көп деңгейлі үдерісі. Оның құрамдас бөліктері – өмірлік, жеке, әлеуметтік, кәсіби және басқа да өзін-өзі анықтау түрлері.

Кәсіби өзін-өзі анықтау адамның кәсіби және психологиялық мүмкіндіктерін таңдалған кәсіптің мазмұны мен талаптарына саналы түрде сәйкестендіруін қамтиды. Бұл үдеріс адамның кәсіптер әлемімен қарым-қатынасын анықтап, оны болашақ кәсіби қызмет субъектісі ретінде қалыптастырумен қатар, белгілі бір әлеуметтік-экономикалық жағдайда орындалатын жұмыстың мағынасын түсінуін көздейді [2, 176].

А.М. Кухарчук пен А.Б. Ценципер кәсіби өзін-өзі анықтау деп адамның өзінің ішкі мүмкіндіктерін, соның ішінде қабілеттерін талдап, оларды таңдалған кәсіптің талаптарына сәйкестендіру нәтижесінде мамандықты саналы түрде таңдауды түсінеді. Ал Власова Т.П., Зимовина О.А., Гейжан Н.Ф., Гриншпун С.С., Мешковская О.П., Чебышева В.В. сияқты зерттеушілер кәсіби өзін-өзі анықтауда жеке тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетін ынталандыру және жоспарлау функцияларын басым деп санайды. Олар кәсіби дамудың өмірлік жоспарын талдауға назар аударады, бұл көбінесе белгілі бір мамандықты таңдау арқылы бекітіледі.

Сонымен қатар, кәсіби өзін-өзі анықтау жасөспірімнің өзінің кәсіби болашағы туралы, оның ішінде ықтимал және болжамды нұсқалар түріндегі түсініктері ретінде де қарастырылады (Гейжан Н.Ф.), жеке тұлғаның кәсіпті игеруге және сәйкес білім алуға деген тұрақты ұмтылысы ретінде сипатталады (Гриншпун С.С., Мешковская О.П.). Бұл үдеріс бірнеше кезеңнен тұратын күрделі механизм ретінде көрінеді, оған кәсіби өзін-өзі анықтаудың мағынасы мен жолдарын түсіну, кәсіптер әлемімен танысу, білім алуға және таңдаған мамандыққа қажетті дағдыларды меңгеруге ұмтылу кіреді (В.В. Чебышева) [6, 14]

Кәсіби өзін-өзі анықтау құрылымы бірқатар компоненттерді қамтиды:

1. Кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған және кәсіби қызығушылықты, өзін-өзі растау мотивтерін, мақсатқа жетуді, танымдық қызығушылықты қамтитын мотивациялық-мақсатты компонент;

2. Мамандық туралы білімді, өзін-өзі тану жағдайын, танымдық іс-әрекет тәсілдерін меңгеруді, жеке тәжірибені қамтитын интеллектуалды-мазмұнды компонент;

3. Өзін-өзі бақылау қабілетімен сипатталатын рефлексивті-бағалау (өзін-өзі бағалау, танымдық-тұлғалық) компонент, мақсатты көру, оған жету үшін күш салу, өзін-өзі сынау [4, 34].

Жасөспірім үшін Мамандық таңдау негізінен моральдық мәселе болып табылады. Таңдау ауқымы неғұрлым кең болса, соғұрлым психологиялық тұрғыдан күрделі болады. Бүгінгі таңда кәсіп субъективті бейімділіктер мен қабілеттердің бірлігі деп аталады, онда адам өзін-өзі жүзеге асырудың негізгі саласын көреді. Бірақ бейімділік пен мүдделер қызмет барысында қалыптасады және өзгереді. Балаларда айқын, тұрақты және белсенді тенденциялар жиі бола бермейді. Жасөспірім қызметті таңдау алдында тұр. Бірақ іс жүзінде, іс-әрекет барысында ол оған сәйкес келе ме, жоқ па, соны анықтайды.

Бүгінгі таңда кәсіби өзін-өзі анықтау-бұл көп өлшемді және көп сатылы процесс, оны әр түрлі жағынан қарастыруға болады:

Біріншіден, қоғамның қалыптасып келе жатқан тұлғаға қоятын және сол тұлға белгілі бір уақыт аралығында дәйекті түрде шешуі керек міндеттер сериясы ретінде (қоғамның сұраныстарынан туындайтын әлеуметтанулық тәсіл).

Екіншіден, шешім қабылдау процесі ретінде, оның көмегімен адам өзінің қалауы мен бейімділігінің тепе – теңдігін қалыптастырады және оңтайландырады, бір жағынан, ал екінші жағынан, қолданыстағы әлеуметтік еңбек бөлінісі жүйесінің қажеттіліктері (қоғамның сұраныстары мен жеке қасиеттерін үйлестіру тәсілдерін қамтитын әлеуметтік-психологиялық тәсіл).

Үшіншіден, кәсіби қызмет бөлігі болып табылатын жеке өмір салтын қалыптастыру процесі ретінде (олардың жеке қасиеттерінен туындайтын дифференциалды-психологиялық тәсіл) [5, 14].

Кәсіпті іздеу және таңдау, кәсіби өзін-өзі анықтау және дамыту, кәсіпті игеру, еңбек қызметінде өзін тиімді жүзеге асыру, ақырында, кәсіби жұмыста жетістікке жету және бақыт-бұл өте күрделі, ұзақ, өте мобильді, көп қырлы және кейде қайшылықты процесс. Бұл процестің динамикасын зерттейтін психологиялық зерттеулерде оның төрт кезеңі жеткілікті түрде ерекшеленетіні анықталды, олардың әрқайсысы өзінің психологиялық критерийіне сәйкес келеді [3, 82].

Тұлғаның кәсіби қалыптасуының бірінші кезеңі жеке тұлғаның жалпы дамуының және еңбек, Еңбек және кәсіптің әртүрлі салаларында бастапқы бағдарлаудың әсерінен кәсіби ниеттердің пайда болуымен және қалыптасуымен байланысты. Осы кезеңнен өтудің сәттілігінің психологиялық критерийі әлеуметтік қажеттіліктерге (еңбек нарығының талаптарына) және жеке тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкес мамандық немесе мамандық таңдау болып табылады.

Екінші кезең-бұл Кәсіптік оқыту мен тәрбиелеу кезеңі, яғни таңдалған кәсіптік қызмет бойынша мақсатты дайындық және кәсіби шеберліктің барлық қыр-сырын меңгеру.

Осы кезеңнен сәтті өтудің психологиялық критерийі жеке тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы болып табылады-кәсіби маңызды қасиеттерді (кәсіби маңызды қасиеттерді) дамытуға деген көзқарастар айқын көрінетін таңдалған қызмет пен кәсіби бағыттың субъектісі ретінде өзіне деген көзқарасты қалыптастыру.

Үшінші кезең оқушының жаңа қызмет түріне – нақты өндіріс жағдайында әртүрлі формаларда кәсіби жұмысты орындауға, қызметтік міндеттерін жүзеге асыруға және кәсіби ортаға белсенді түрде кіруге байланысты. Осы кезеңнен сәтті өтудің психологиялық көрсеткіші – нақты еңбек процесі мен өндірістік қатынастар жағдайында кәсіпті белсенді меңгеру және өзін еңбек ұжымдарының жүйесінде табу. Төртінші кезеңде тәуелсіз жұмыс барысында жеке тұлғаның кәсіби ұмтылыстары мен мүмкіндіктерін толық немесе ішінара жүзеге асыру көзделеді. Осы кезеңнің табысты өтуінің психологиялық критерийлері – кәсіби қызметтің операциялық жағын меңгеру деңгейі, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуы, жұмысқа деген көзқарасы, шеберлік пен шығармашылық қабілеттерінің дәрежесі [3, 83].

Кәсіби өзін-өзі анықтау тек болашақ кәсіби жолдың нұсқаларын ғана емес, сонымен қатар жалпы өмірлік бағытты өз бетінше ойлауды да қамтиды. Жасөспірім мен жоғары сынып оқушысының дамудың алдыңғы кезеңдерінде еңбек салаларына деген қатынасы, көптеген мамандықтар туралы түсініктері, өз мүмкіндіктерін өзін-өзі бағалауы, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бағдарлануы сияқты факторлар қалыптасады. Бұл жалпы мамандық таңдауға психологиялық дайындықтың ішкі жағдайын анықтайды. Кәсіби өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындықта, басқа да өзін-өзі анықтау түрлерінде (жеке, әлеуметтік) сияқты, өзін-өзі тану басты рөл атқарады. Бұл адамның өзінің қасиеттерін білуі және бағалауы, өзіндік нақты және қалаған бейнесін түсінуі, өмір мен қызмет салаларындағы талаптардың деңгейі, құндылық бағдарларының жүйесі және мамандықтың жеке мағынасын түсінуін қамтиды. Өзін-өзі бағалау кәсіби өзін-өзі анықтау процесіне айтарлықтай ықпал етеді, өйткені ол адамға өзінің қасиеттерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін, тілектерін және мотивтерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жасөспірімдер мен ерте жастағы мектеп оқушылары үшін кәсіби өзін-өзі анықтау жағдайы оның анық еместігіне байланысты күрделі болып табылады:

1. Қазіргі заманғы мамандықтардың алуан түрлілігі, олардың күрделілігі және үнемі өзгеруі кәсіби жолды таңдауды қиындатады;
2. Психологиялық білімнің жеткіліксіздігі оқушыларға өздерінің ішкі әлемін және жеке қасиеттерін түсінуге мүмкіндік бермейді, бұл

саналы кәсіби өзін-өзі анықтау процесін қиындатады;

3. Қазіргі мектеп оқушыларының, сонымен қатар кейбір мұғалімдер мен ата-аналардың кәсіби жарамдылықтың мәні мен оның қалай қалыптасатыны туралы нақты түсініктерінің болмауы қосымша қиындықтар туғызады;

4. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың дамуына кедергі келтіретін тағы бір қате түсінік – адамның белгілі бір қызмет түріне бейімділігі тек қатаң шектеулермен байланысты деген ой [1, 10].

Кәсіби бағдар жұмысының тиімділігі әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз етуге және кәсіби бағдарлаудың әртүрлі әдістері мен нысандарын қолдануға байланысты. Жасөспірімдерге арналған кәсіби бағдарлау еңбек әлемімен танысудан басталып, нақты мамандық таңдауға дейінгі қадамдарды қамтиды. Бұл кезеңде когнитивті міндеттерді шешу ғана емес (анықтамалық-ақпараттық қолдау көрсету, өзін-өзі тану, жоспарлау және таңдау бойынша көмек), сонымен қатар жасөспірімнің моральдық-эмоционалды тұрақтылығын нығайту және оны кәсіби ниеттерін жүзеге асыру барысында мүмкін болатын қиындықтарға дайындау маңызды. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларына өмірлік және кәсіби таңдаудың маңыздылығын түсінуге көмек көрсету, сондай-ақ құндылық-адамгершілік және моральдық-құқықтық мәселелерді талқылаудан тартынбау қажет.

Әдебиеттер:

1. Г.О. Абдикерова и М.С. Садырова. Е.Б. Дуйсенбеков и А.М. Байкулова. Психологиялық құбылыс және психологиялық-педагогикалық проблема ретінде жасөспірімдік және жастық шақтағы кәсіби өзін-өзі анықтау // Қолданбалы психология журналы. - 2004. - №4. - 17-24 Б.
2. Зеер Э.Ф., Павлова А.М., Садовникова Н.О. Кәсіптік бағдар: Теория және практика: оқу. жоғары мектепке арналған нұсқаулық. – М., 2004. - 246 б.
3. Тұлға және мамандық: психологиялық қолдау және қолдау: оқу. студенттерге арналған нұсқаулық. Жоғары. пед. оқу. мекемелер / Л.М. Митина, Ю.А. Кореляков, Г.В. Шавырина; ред. Л. М. Митина. – М., 2005. – С. 289 с.
4. Аспаз Ю.П. Адамның кәсіби қалыптасуының психологиялық мазмұны. – М., 2002. - 202 б.
5. Пряжников Н.С. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған ойындар мен әдістер. – М., 2004.- 334 б.
6. Хоменко А.Н. Оқушылардың әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі анықтауы. – М., 2002. - 268 Б.

Оқушыларды психологиялық тестілеу арқылы түзету мен дамытудың маңызы

Г. ЖУКЕБАЕВА

Сынау (тест) әдісі – адамның бойындағы түрлі сапалар мен олардың механизмдерін ашып көрсетуді негізгі мақсат етіп қояды. Психологиялық әдістер тек ғылыми зерттеу жұмысы үшін ғана емес, сонымен бірге тест мақсаттары үшін де қолданылады. Мысалы, психолог сынау әдісі арқылы адамның бойындағы ерекше қасиеттерді ажыратып, оның ұшқыш не агроном не өзге мамандықтарды игеруге деген бейімдік қабілетінің қаншалықты екендігін анықтайды. Жете тексерілген сынау әдісі мен жасалған кейбір қортындыларда қателіктер де кетуі мүмкін. Мұндай қателер көбінесе кейбір балалардың байыпты психологиялық процестер мен ерекшеліктерінің кешігіп барып, оянатынына жете мән бермей асығыс қорытынды жасауға байланысты. Психологиялық зерттеу әдістерінің нақты психикалық процестер мен психологиялық қасиеттерді анықтауға қолдану сипаттарына орай, негізгі әдістер және көмекші не қосалқы әдістер деп екі топқа бөліп қарастырамыз. Мысалы оқушылардың мамандықты игеруге бейімділігін анықтау үшін сынау, тест негізінде деп саналса, ал сол оқушының өз қолымен жасап шығарған затын не оқу құралдарын көмекші әдіс деп атаймыз. Кейбір жағдайда көмекші әдістер негізгі әдіске айналып отыруы да мүмкін. Мәселен оқушының орындаған жазба бақылау жұмысы оның белгілі пәнді меңгеруін анықтауда негізгі әдіс болып саналады.

Психологияда олигофренопсихология – ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын зерттейді. Сурдопсихология – саңырау не керең болып туылған балалар психологиясын зерттейді. Тифлопсихология – нашар көретіндер мен соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді. Ал туа пайда болған ауру адамдар психологиясын зерттейтін тармақ патопсихология деп аталады. Бұл сөз грек тілінде «патос» – зардап шегіп ауру деген мағынаны білдіреді. Патопсихология медицина ғылымы мен оқу тәрбие істерін зерттейтін пән педагогика мен

жан дүниесінің сырын қарастыратын психология ғылымының түйіскен торабына жатады. Жас кезеңдерінің психологиясы әрқилы психикалық процестерді табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын адамзаттық қасиеттерін психологиялық сапаларын зерттейтін бұл салаға балалар психологиясы жатады. Яғни оқыту мен ақыл-ойдың дамуын және олардың өзара байланысы мен іргелі мәселелерін зерттеп оқыту ісіндегі адамның ақыл-ойың, сана-сезімін жетілдірудің тиімді жолдарын нендей әдістер арқылы өрістетуге болады деген мәселелерді іздестіреді.

Бостон қаласында американ ғалымы, профессор Ф. Парсонстың жетекшілігімен кәсіби бағдар беру үшін бастауыш мектеп бітірген баланың келешектегі ниеті, жоспары туралы кеңесуге бір кедей ауданның шәкірттерін жинаған. Алғашқы әңгімеден кейін мәлім болған, келешектің тұтқасы болады деген үміт еткен жастардың көбі болашақта не істерін білмейтін болып шықты.

Келешекте белгілі пікірі барлар өте аз болған. Оның өзі де қандай қызмет, қандай кәсіп барлығынан хабары кем, нені тандарын білмейді. Зеректігі, икемі, сондай өнерге лайықты ма, жоқ па оны біле алмаған. Балалармен кеңескеннен алған әсері бұл мәселені зерттеуге Парсонсқа түрткі болады. Осы істі қазақ елінің психологы Ж. Аймауытов өз елімізде жалғастырады.

Қазіргі таңда білім саласында біршама өзгерістер енгізілді. Соның бірі мектептерде психолог қызметінің ашылуы. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай қиындықтары мектеп мұғалімдері мен оқушыларға өз әсерін тигізіп, тәрбие үрдісін төмендетуде. Педагог-психологтың қызметі – мектепке келген оқушының яғни, жеке тұлғаның мінез-құлқын, темпераментін, ойлау, сөйлеу, есту, қиялдау, ерік, сезімдерін анықтап, оқушыға дер кезінде көмек беру. Осы тұрғыда педагог-психолог балалармен түрлі тест жұмыстарын жүргізеді. Тест жұмыстары жалпы топпен және жеке тұлғамен жүргізіледі. Тестің маңыздылығы бала бойындағы кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді түзетуге көмегі зор.

Біз баланың жеке тұлғалық дамуын оның психикасындағы конгнетивтік, эмоционалдық, ерік жігерлік және коммуникативтік, танымдық, қайта құрушылық және құндылық бағыттылық сияқты түрлі іс-әрекетте көрінетін өзгерістері арқылы бағалаймыз.

А.Н. Леонтьев пен Д.Б. Элькониннің топтастыруы бойынша, баланың жеке тұлғалық дамуын, эмоционалдық қарым-

қатынас, айлалы әрекет, заттық-құралдық іс-әрекет, сюжеттік-рольдік ойындар және оқу сияқты жетекші іс-әрекет түрлерінің ауысуы барысында талданып отыратындығы анықталды.

Көптеген балаларға мектепке бейімделу қиынға соғады. Бала өзі шеше алмайтын көптеген мәселелермен кездеседі. Нәтижесінде балада мектеп невроты пайда болуы мүмкін. Мектеп невротын ерте диагностикалау, коррекциялау және профилактика жасау көкейкесті және маңызды мәселе болып табылады.

Бұл жағдайды диагностикалауда психолог ең алдымен, психологиялық қорғаныстың әр түрлі формаларымен кездеседі. Психологиялық қорғаныс бейсаналы деңгейде қалыптасқандықтан, бұл жағдайдың механизмдерін жобалау әдістеменің көмегімен зерттеуге болады.

Мен бастауыш сынып оқушыларын үш топқа бөлдім:

1. Оқушы тек ата-анасымен ғана араласқан;
2. Оқушы тек ата-әжесінің қолында өскен;
3. Оқушы бала-бақша мекемесінде тәрбиеленген.

Мінекей осы үш жағдайдағы бала, яғни оқушы мектепке қабылданғаннан кейін бір сыныпта болады. Осы сәттен бастап әрбір баланың ортаға бейімделуі басталып оған қоршаған орта өзіндік әсерін тигізеді.

Алғаш мектепке келген балаларды зерттеуге психологиялық тесттік жұмыстар жүргіздім. Алдымен баланы жан-жақты зерттеу үшін мынандай кесте жасадым. Онда мектеп номері, сыныбы, аты жөні, арнайы көрсетілген жерде жазылған және жеті графаға бөлінген.

1. Өмірлік позициясы, сенімі, талғамы, қызығуы;
2. Танымдық психикалық қасиеттері;
3. Темпераментті мінезі;
4. Сүйікті түсі;
5. Қалаған геометриялық фигурасы;
6. Сөзім ерлігі;
7. Қабілеті (ісәрекет мүмкіншілігі).

Баланың түсті ажыратып және сүйікті түсін таңдай білуін анықтау үшін оқушыға түрлі түсті алты қаламды алдына қойып, оның әр қайсысының атын атауын сұраймын, сосын алты қаламның ішіндегі ең сүйікті қаламын көрсетуін сұраймын. Оқушыға осы түсті арнайы қалаған қаламыңызды бояңыз деп, сары, қызыл, қоңыр, қара, жасыл, көк, қаламдардың суретін

сызықпен көрсетілген бланкіні беріп тапсырманы орындауын өтінемін.

Сөз барысында баланың неліктен осы түсті таңдағанын, несімен ұнайтынын, алты түстен басқа да түске қалай назар аударатынын анықтаймын. Зерттеу барысында балаға қай жағынан көмек керектігін ескеремін де оны кестедегі графаға белгілеймін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Психология. Ж. Аймауытов. – А.: Рауан, 1995;
2. Жалпы психология. – А.: Білім, 1996;
3. Балаңыз мектепке дайын ба? – Астана: Балалар әдебиеті, 2003

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында психологиялық қызметті ұйымдастыру жүйесі

Н. МЫРЗАҒАЛИЕВА

Осы тұрғыда ұстаз психологтарға жүктелетін міндет тағы да өте жауапты, айрықша зор. Бұл аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мектеп әкімшілігінен бастап әрбір қатардағы мұғалім қажырлы түрде жұмыс жүргізуі керек. Ол жұмыс үш бағытта жүруі тиіс:

Мақсаты:

- Мұғалім өз білімін жетілдіруі;
- Мұғалім өз тәжірибесін шыңдауы;
- Жаман қылықтардан мұғалімнің өзін сақтауы;

Олардың бала тәрбиесіндегі алға қойған психологиялық мақсаттары:

- Баланы қоғамдық өмірге бейімдеу;
- Қоғамнан өз орнын табу;
- Қауіпсіз, бақытты өмір сүру.

Ғылым мен техника өркендеп адам баласының қарыштап дамыған ХХІ ғасыр атом мен интернет заманында адамдық болмысын сақтау үшін психология саласында атқарар міндеті – өте

жауапты, әрі зор. Өйткені көне замандардан бері қарай психология адам баласының ілгері дамуына ықпал еткендігі байқалады. Бірақ көнеден қазіргінің айырмашылығы неде? Міне соған біраз тоқтала кетейін. Өткен ғасырларда, жазу-сызу болмаған ықылым замандарда, ғылымның салаларының түрлерінен ешқандай хабары жоқ бабаларымыз кең-философ және де адам жанының бағбаны – психолог болғаны да байқалады. Оған біздің ауыз әдебиетіміздің кез-келген жанры куә. Сол ешқандай арнайы мектептер болмаған замандардағы қоғам өміріне бейімдеп, адам мінезін қалыптастырушы кім болады? Әрине ата-ана.

Отбасындағы әрбір еркектің міндеті жауынгершілік өнерге, шаруашылыққа қарауға, қолөнерге өз баласын баулу. Соған сәйкес әкенің психологиялық бағыты: батылдық, ептілік, шыдамдылық. Ал отбасындағы ананың психологиялық бағыты: сыпайылық, әдептілік, мейірімділік, адамгершілік болған. Осы екеуін қосқанда нағыз қазақтың елжандылық психологиясы пайда болған. Осыған барлығы жас адамның санасына қалай жеткен? Сөз жоқ ауызша. Яғни сол дәуірде бала тәрбиесіндегі фактілерге тоқталсақ, ата-ана өздері мұғалім, қоғам мүшелері және өте тәжірибелі психологтар болған.

Бұл үшін оларға не істеу керек? Әрине, баланың мінезін қалыптастыру. Бұл шараны іске асыруда сөзбен іс-әрекет қатар жүріп отырған. Сол дәуірде ұстаз да, мұғалім де, психолог та баланың үнемі көз алдында болған. Содан адамгершілік психологиясы қалыптасқан. Ата-ананың бірден-бір міндеті бала тәрбиесі болған. Содан адамгершілігі мол, иманды, дені-сау салауатты ұрпақтар өскен.

Ал қазіргі адам баласы өркендеген заманда бала тәрбиесі, балаға білім беру, тәрбиенің барлық салаларынан хабардар етіп, қоғам өміріне сәйкес толыққанды адам етіп қалыптастыру – қоғамдағы ең жауапкершілікті, ең күрделі мәселе. Осы күрделі мәселенің нақ ортасында мектеп тұр. Мектеп сөзі аталғанда сонымен бірге ұстаз, оқушы балалар, ата-ана ұғымы қатар жүреді. Дәлере атасақ: мұғалім, оқушы, ата-ана. Қазіргі таңда мұғалім мектептің жүрегі болса, әрбір оқушы сол ғылым саласындағы – бір-бір кірпіш. Ал ата-аналар сол ғылым мен тәрбие саласындағы өз орыны мен үлесі бар бір-біріне тірек болып саналады. Бұлардың бірінің-бірісіз күні жоқ. Осылардың арасына үйлесімділік (гармония) орнататын – психология саласы, психолог ұстаздар. Бүгінгі біздің мектептерде ең мықты психологтар кім? Сөз жоқ, оқушылар. Өйткені әрбір оқушы өзіне сабақ беретін барлық мұғалімдерге психологиялық мінездеме беру жағынан бір-бір маман деуге болады. Бұл бала табиғатының асқан сезімталдығында жатыр. Сон-

да мектептегі бір мұғалімге кемінде жиырма түрлі психолог қарап тұр деген сөз. Сонда сыныптағы әрбір баламен психологиялық үйлесімділік орнату, өзінің сабағын беру, ата-анамен жұмыс жасауда дұрыс қарым – қатынаста болу үшін ұстаз мамандығында жүрген адамдарға қанша жүйке, қанша қажыр-қайрат, қанша табандылық, қанша білім керек екендігін айтпаса да түсінікті. Әсіресе ғылым мен техниканың шарықтау шегіне жеткен, адам баласының өзі де сол техникалық құрамдардың бір бөлшегіне айналып кетуге жақын тұрған заманда адами, адамгершілік тәрбиесі тағы да кімнің мойнында? Әрине ұстаздың. Сол үшін де қазіргі психология ғылымының саласына үлкен жауапкершіліктер жүктелуде. Бұл дегеніміз психолог мамандарға иек арту емес, әрбір мұғалім өз дәрежесінде асқан психолог болуға тиіс.

Бүгінгі күннің талабына сай жабдықталған мектептердегі міндеттің үлкені оқушы мен мұғалімнің, мұғалім мен ата-ананың арасында дұрыс қарым-қатынас орнату болса, ал алдыда тұрған басты мақсат: сапалы-білім, саналы тәрбие беріп, қоғамда өз орны мен үлесі бар жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бұдан барып туындайтын – мұғалім құзыреттілігі. Тағы да осылардың бастауы – психология, психолог мұғалімдер.

Еліміздің ертеңі – бүгінгі бүлдіршінді тәрбиелеу ең негізгі мәселелердің бірі оны шешудің басты бір тармағы – бала тәрбиесі дұрыс қолға алынуы.

Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын танымсыз жүргізіле беретін аса күрделі процесс. Бала тәрбиесіне үкіметіміз үлкен көңіл бөліп келеді. Қазіргі кезең – экономикалық, экологиялық, әлеуметтік демократиялық қым-қиғаш мәселелерге толы заман. Бүгінгі ұрпағымыздың бойына халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, атамекен, ана тіліне сүйіспеншілік, үлкенді сыйлау, құрметтеу, қасиетін дарыту – олардың өз еліне өгей тартып кетпеуінің басты шарты.

Халықтық педагогика кешегі өткен данағой қариялардан, ғұлама ойшылдар мен ақын-жыраулардан, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы.

Халық ойындары тосыннан туған қызықты кезеңдермен, балаларға ұнайтын санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, күлдіргі ойындармен жиі сүйемелденіп отырады. Ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын – айналадағыны танудың тәсілі. Балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады, логикалық ойлауын дамытады. Тиімді пайдаланған ойындар мұғалім түсіндіріп отырған материалын

балаларға зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі.

Қазақ халқы өмірге дені сау, шыныққан азаматтар тәрбиелеу жөнінде өз ұрпақтарына үлкен де бай мұра қалдырған. Соның бірі ұлттық ойындар. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшелектеріне сай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Ойын-адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы.

Балаларда алғашқы жеті жылы – денсаулықтың, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық дамудың негіздері қаланатын өте маңызды кезең. М. Жұмабаев: «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін, өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек», – деп атайды.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері

А. ТЕЛІКБАЕВА

Алғашқы педагог-ұстаз Ы. Алтынсарин мұғалім туралы: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде, ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді колданбастан, әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіруі керек», - деп, ұстаздың бала алдына биіктен көрінетін тұлға болу керектігін ескертеді. Ұстаздың тәрбие үрдісінде шешуші рөл атқаратындығын барлығымыз жақсы білеміз. Ұлы педагог К.Д. Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басылық өнегесіне негізделген», - дегені белгілі.

Бастауыш мектеп – өскелең ұрпаққа білім берудің бастамасы. Қазіргі қоғам талаптарының өзгеруіне байланысты, еліміздің көркейіп-өркендеуіне, ел талап-тілектерінің бет бұрыстарына байланысты жаңа ұрпақтың психологиясы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, оны неғұрлым өмір талабына қарай өзгерту міндеттері қойылды.

Еліміздің егемендігі мен тіліміздің тәуелсіздігі де өскелең ұрпаққа жаңа талаптар қояды. Бала психологиясын жан-жақты зерттеп, оны терең білу, оның даралық ерекшеліктерімен үнемі санасып отыру мектеп пен мұғалімдерге жауапты да құрметті міндеттер жүктейді.

Бастауыш мектеп кезеңіне 7-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшықеттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табаны сүйектенеді, омыртқасы, барлық мойың, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

Жекелеген психикалық үрдістердің қарқынды дамуы баланың бастауыш мектеп шағында жүзеге асады. Бұл кезде балада қабылдау қабілеті жетіледі. Көру мен есту қабілеті дамып, түстерді айқын ажырата алады. Қабылдаған заттардың қасиеттері мен сапаларын меңгереді. Қоғам өміріндегі жаңа негіздерге бақылампаздығы артып, қабылдауын басқарып, оны қажетті мақсатқа бағыттай алады.

Бастауыш мектеп кезеңінде негізгі іс-әрекет оқу болғандықтан, баланың барлық психикалық үрдісіне өзгеріс енеді. Іс-әрекетке белсенділігін көрсете отырып, ақыл-ой еңбегін зейін арқылы жүзеге асырады.

Оқу іс-әрекеті балаға өзінің есте сақтау үрдісін басқаруды талап етеді.

Мектептегі оқу үрдісінің талаптары мен өзіне тән мазмұны бұл үрдісті едәуір дамытады, есте сақтау мықтылығы беки түседі. Есте сақтау деңгейі – есте сақталатын материалдың мазмұнына, іс-әрекет сипатына, материалды есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

Бастауыш мектеп кезеңінде сөздік материалды есте сақтау мүмкіншілігі бірден жоғарылайды, меңгерілетін оқу материалы үнемі оқушыдан елестету үрдісін талап етіп отырады. Есте сақтау мен елестету баланың күш-жігерді керек ететін мотивтерге байланысты өзгеріп отырады.

Оқу үрдісінде ой операциялары да іске асады. Елестету бойынша заттарды дұрыс әрі оңай салыстыра алады. Логикалық ойлауының даму ерекшелігіне ой қорытындысын жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру деген сияқты түрлері анық көріне бастайды. Оқушыларда жоғары дәрежеде, жүйелі түрде нәтижелі ақыл-ой әрекеті дамып жетіледі. Бұл өзін қоршаған орта туралы, қоғамға еніп жатқан жаңа техника туралы, танымдық қатынастарды меңгере алуынан көрінеді. Осы арқылы баланың

ақылы және оның танымдық қызығушылықтары қалыптасады. Сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы балалардың тіл дамуы – ана тілін терең әрі ұлттық ерекшелікте меңгерілгендігі байқалады. Оқушы енді өз ойын, өз қалауын, өз сезімін ана тіліндегі сөз байлығын қолдана отырып, грамматикалық түрде өте дәйекті тұрғыда түсіндіре алады.

Баланың алғаш мектеп табалдырығын аттауы – оның бойында күрделі сезімдер туғызады. Бұл балалар арасындағы, әрі үйдегі, әрі мектептегі жаңа талаптарға негізделеді. Бұл жастағылардың негізгі әрекеті ойын болса, оқуға кіргеннен кейін оқу психикалық дамуын билейтін болады. Осыған орай бала психикасы елеулі өзгерістерге ұшырайды. Мұның себебі, ойынға қарағанда оқу талабының бала үшін қиындығында. Әуелгі уақытта мектептегі жаңа жағдайға бала әлі бейімделе алмағандықтан, оқу үстінде мынандай қиындықтарға кезігеді:

Бірінші: баланың мектеп жағдайына бейімделуі;

Екінші: мұғаліммен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы;

Үшінші: 1-сынып оқушыларына берілетін тапсырмалар тым жеңіл болып, баланың оқуға деген қызығушылығы жоғалып кетуі мүмкін. Алайда, барлық қиындықтар бала психикасы дамуына байланысты шешіледі, жаман-жақсыны ажырата бастайды. Мектепке алғаш келген оқушының негізгі таным процестері мектепке кіргеннен кейін едәуір өзгерістерге ұшырайды. Бұл кезеңде балаға мұғалім мен ата-ана тарапынан көп көмек қажет болып табылады.

Өкінішке орай, жақсы оқуға мүмкіншілігі толық жететін оқушыны, оның кейбір ақыл-ой енжарлығына қарап, қабілетсіз деп есептейтін жағдайлар да кездеседі. Бұл баланың оқуға қызығушылығының жоқтығынан, ақыл-ой жұмсаудан қашу ниетінен, онда қалыптасқан сенімнен, яғни ілім – баланың қабілеті жетпейтін, өте қиын нәрсе дегеннен келіп пайда болады. Мұндай балаларға қозғау салып, оны белсенділікке бастап, бейімділік көрсеткен нәрселерінен мағлұматтар беріп қызықтыру қажет. Оған қосымша қызықтыратын материалдар беріп, білім алудың қуанышын бастан кешіруге (мысалы, бұрын оған қиын болған есепті дұрыс шығару кезі) жағдай туғызған пайдалы. Бұл мектеп оқушысының өз күшіне деген сенімін туғызады, сөйтіп басқалардан қалыспай тәуір оқи алатындығына көзін жеткізеді.

Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілдерін білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен,

қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. М. М. Мұқанов өзінің «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілетіндігін көрсетті: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тақпақты жаттау үшін соның тексті беріледі.

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі – бастауыш сынып оқушыларының психикасын дамыту болып табылады. Бала психикасының дамуын зерттеудің міндеттері төмендегідей болып келеді:

- Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды жасау;
- Оқытуға дейінгі сақталу принципінің деңгейін анықтау;
- Көрнекті көріністің алдында заттарды бағалау мен сөздік ой-пікірлердің байланысын зерттеу.

Ш.А. Амонашвили мен педагог Ю.К. Бабанский былай дейді, педагогика бағаны оқушының білім көлемі мен тәртібіне қойылатын тұрақты өлшем деп түсінеді. Баға туралы психологиядағы мынандай жағдайларды анықтайды:

- біріншіден, психикалық дамуды басқару механизмі және адамның өзін-өзі басқарумен бірге бейнелеудің түрлері мен әдістері теориялық тұрғыдан нендей екендігі анықталады;
- екіншіден, баға шәкірттердің арнаулы пәндерді меңгеру дәрежесіне сәйкес қойылады;
- үшіншіден, бағалау техникасын оқып-үйрену кезінде тәжірибелік міндеттерді қалай алу мәселесі іздестіріліп, оның мән-жайы анықталады;
- төртіншіден, психология ғылымының өзіндік әдістемелік сұрақтарына жауап беруде айтарлықтай кедергілерге ұшырайды.

Қорыта келгенде, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ы. Алтынсарин мұғалімнің жадына мына жәйітті мықтап шегелейді: «Мұғалім кіммен істес болып отырғанын еш уақытта ұмытпауы тиіс. Егер де, балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауы тиіс. Балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі және шыдамдылық танытқаны абзал, екі ұшты, астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбаған жөн болады», - дейді.

Ассертивті мінез-құлық: өз пікіріңді білдіру

Н. ДУЙСЕНОВА

Мақсаты: Оқушыларға ассертивті мінез-құлық ұғымын түсіндіру. Ассертивті мінез-құлықтың маңыздылығын талдай отырып, ассертивті мінез-құлық дағдыларына үйрету.

Міндеттері: өз құқықтарын қорғауға үйрету, өзін-өзі бағалауын арттыру, өзара қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.

Сынып: 7.

Қажетті құрал-жабдықтар: парақтар, телефондары.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Wordwall.net қосымшасы, дәріс, жағдаяттар, сұрақ-жауап, ойын.

Жүру барысы: 1. Ұйымдастыру бөлімі.

Оқушылар гүлдерді таңдау арқылы 3 топқа бөлінеді.

- Қымбатты оқушылар, бүгін біз «Ассертивті мінез-құлық: өз пікіріңді білдіру» тақырыбында дәріс-тренингімізді бастаймыз. Бүгінгі сабағымызда басқа адамдар тарапынан күш көрсету зорлық-зомбылық болған кезде ассертивті мінез-құлық көрсету арқылы өз құқығыңды қорғауға үйренетін боласыңдар. Олай болса, ортаға шығып, шеңбер құрып, «Танысу» тренингін бастайық.

Дәріс.

Ассертивті мінез-құлық – бұл өз ойыңызды, сезімдеріңізді және қажеттіліктеріңізді басқалардың құқықтарын бұзбай, тікелей және ашық білдіру қабілеті. Бұл агрессивті немесе пассивті мінез-құлықтан ерекшеленеді. Ассертивті адам өз құқықтарын қорғай алады, бірақ басқалардың құқықтарын да құрметтейді. Олар өз пікірлерін сенімді түрде білдіреді, бірақ басқалардың көзқарастарына да құрметпен қарайды. Ассертивті мінез-құлық өзін-өзі бағалауды арттырады, қарым-қатынасты жақсартады және стрессті азайтады. Бұл дағдыны дамыту үшін «Мен-хабарламаларды» қолдану, белсенді тыңдау, эмпатия таныту және нақты сөйлеу маңызды. Ассертивті болу – бұл өмір бойы дамытылатын дағды, ол адамға жеке және кәсіби өмірде табысқа жетуге көмектеседі.

«Мен-хабарламасы» тәсілін меңгеру

«Мен-хабарламасы» – бұл адамдардың үлкендердің өз сезімдері мен уайымдарын жеткізу тәсілі. «Мен-хабарламасы» «Мен», «Маған» «Мені» есімдіктерінен басталады.

Мысалы:

1. «Сен-хабарламасы» басқа адамды негативті бағалаудан, үнемі айыптаудан тұрады. Ал бұл көбіне қарсылық пен наразылық туғызады.

Мысалы: Ата-анасы сыныптастарының көзінше қызына айқайлады: «Мектепке бармайсың, мектепке күнде шақырады да жатады екен сені. Сонда сабағыңды қашан оқисың? Емтиханды қалай тапсырайын деп жүрсің? Кір де сабағыңды оқы». Қызда қандай сезімдер туды? Әрі қарай қандай жағдайлар орын алуы мүмкін?

2) «Мен-хабарламасы» – бұл сіздің сезіміңіз, ол қарсылықты онша туғызбайды, өйткені ол айыптаудан тұрмайды.

«Мен-хабарламасынан соң адамдар өтінішті қолданады: «Анашым, жаңа сыныптастарымның көзінше айқайлағаныңызға мен қатты ыңғайсыздандым, тіпті жерге кіріп кете жаздадым. Маған қатты батты. Менің сыныптастарымның анасы қыздарына олай айқайламайды. Келесі де солай айқайлайтын болсаңыз, ... (жауап нұсқаларын оқушылардан сұрау).

Сұрақтар:

1. Ассертивті мінез-құлық дегеніміз не?
2. Ассертивті мінез-құлық агрессивті мінез-құлықтан қалай ерекшеленеді?
3. «Мен-хабарлама» дегеніміз не және ол ассертивті қарым-қатынаста қалай қолданылады?
4. Ассертивті мінез-құлықтың қандай артықшылықтары бар?
5. Ассертивті болу дағдысын қалай дамытуға болады?
6. Неліктен кейбір адамдар ассертивті болудан қорқады?



1-тапсырма. Wordwall.net қосымшасы арқылы тапсырма орындаңыз.

2-тапсырма.

Жағдаят: Айгүл мен Сәуле – жақын достар. Айгүл Сәуледен үнемі үй тапсырмаларын көшіруді сұрайды. Сәуле бұған наразы, бірақ достығын бұзғысы келмейді.

Талдау тапсырмасы:

1-топқа сұрақ: Сәуле қандай ассертивті әрекеттер жасай алады?

2-топқа сұрақ: Ассертивті мінез-құлық бұл жағдайда қарым-қатынасқа қалай әсер етуі мүмкін?

3-топқа сұрақ: Сәуле «Мен-хабарламаны» қалай қолдана алады?

3-тапсырма. «Ассертивті жауап беру» ойыны.

Мақсаты: Оқушыларға әртүрлі жағдайларда ассертивті жауап беруді үйрету.

Ойын барысы:

- Оқушылар шеңберге тұрады;
- Мұғалім ортаға тұрып, кез келген оқушыға доп лақтырады және жағдаят айтады;
- Допты ұстаған оқушы осы жағдаятқа ассертивті жауап беруі керек;
- Басқа оқушылар жауапты талқылайды және жақсарту бойынша ұсыныстар айтады;
- Доп келесі оқушыға беріледі және ойын жалғасады.

Жағдаяттар мысалдары:

1. Досыңыз сізден ақша сұрайды, бірақ сіз бере алмайсыз;
2. Сіз дүкенде сапасыз тауар сатып алдыңыз;
3. Сыныптасыңыз сізді келемеждейді;
4. Сыныптасың сенің кітабыңды қолымен қағып, партадан жерге түсіріп жіберді де байқамай қалдым деді;
5. Жоғары сынып оқушы сізге темекі ұсынды;
6. Сізді автобуста үлкен адам итеріп жіберді.

4-тапсырма. «Ассертивті сценарий жазу»

Мақсаты: Оқушыларға ассертивті мінез-құлықты практикада қолдануды үйрету.

Барысы:

1. Оқушылар үш топқа бөлінеді;
2. Әр топ күнделікті өмірден бір қиын жағдаятты таңдайды (мысалы, достың сұранысын қабылдамау, мұғаліммен келіспеушілік, ата-анамен арадағы жанжал);
3. Топ осы жағдаятқа ассертивті жауап сценарийін жазады, келесі элементтерді қосу керек:
 - Мен-хабарлама;
 - Нақты фактілер;
 - Сезімдерді білдіру;
 - Нақты сұраныс немесе шешім ұсыну.
1. Топтар өз сценарийлерін сыныпта ойнап көрсетеді;
2. Басқа оқушылар кері байланыс береді және жақсарту бойынша ұсыныстар айтады.

Бұл тапсырмалар оқушыларға ассертивті мінез-құлықты түсінуге және практикада қолдануға көмектеседі. Олар өз пікірлерін сенімді және құрметпен білдіруді үйренеді, бұл олардың жеке және кәсіби өмірде табысқа жетуіне көмектеседі.

Рефлексия: Бүгінгі сабақта не үйрендіңіз? Сабақ ұнады ма?

Сказкотерапевтическая игра для учащихся 5 класса

К. КЫДЫРБАЕВА

Цель: развитие жизнерадостности, уверенности в себе и волевых качеств.

- обучение навыкам самоанализа и самопознания;
- обучение трансформации негативного внутреннего состояния в позитивное;
- актуализация личностных ресурсов.

Ход игры: Позитивный настрой: заставка «В гостях сказки».

Приветствие. Разминка.

Участники называют свои имена и говорят, как они думают, какого они сегодня цвета.

Введение в сказку. Позитивный ролик-заставка «В гостях сказки»

Психолог: Сегодня мы с вами поговорим о состоянии человека, который одержал победу, о том что нужно сделать для того чтобы быть победителем.

Психолог: *Знаешь ли ты, кто такой Победитель?*

Давным-давно жил Король. Он был очень добрым и справедливым. Как-то он узнал, что у него в стране появился еще один правитель, злой самозванец. И стал этот правитель устанавливать несправедливые законы. Люди начали бояться друг друга, злиться друг на друга и перестали доверять. Бывало, даже следили друг за другом, и передавали разные сплетни. Наступило «смутное время». Не выдержал Король, одел свои рыцарские доспехи и собрал всех преданных ему людей, взял свой верный меч, чтобы изгнать самозванца с трона и прекратить это «смутное время». Он был полон решимости и верил в свою победу. Поэтому не было сомнений в том, что справедливость будет восстановлена и Король одержит победу.

Как вы поняли, что такое «смутное время»? (Ответы детей)

Психолог: В жизни каждого человека бывает «смутное время». Когда он не знает, что ему делать, кого слушать, кому доверять. Когда он мечется от одного дела к другому, потому что не имеет четкой цели. У него в это время плохое настроение, он может

стать грубым и невнимательным даже к тем, кого любит.

Задание №1 (работа в группах)

Дайте подсказку человеку, который в своей жизни переживает «смутное время». Как ему вести себя, что делать, а чего не делать, в чем быть осторожным.

Продолжение сказки.

Понял ли ты секрет будущей победы Короля? Как вы думаете, в чем он?

Конечно важны войско и доспехи. Но ведь немало хорошо подготовленных многочисленных армий было разбито. Оказывается, побеждает, тот, кто глубоко, искренне, всем сердцем верит в свою победу. Побеждает тот, кто полон решимости, внутренне собран и подготовлен.

А знаешь ли ты, какие победы бывают в жизни человека? Перечислите их.

Да, конечно победы одерживают над врагами. Но бывают и другие победы. Например, человек может победить трудности и неудобства жизни. Представь, ты волей случая оказался в лесу и тебе нужно прожить там неделю. Там нет ни электричества, ни горячей воды, ни уютной кровати. В лесу нет того, чем ты привык пользоваться каждый день в своей квартире. Там нет магазинов, чтобы купить еду, нет и плиты, чтобы ее приготовить. В лесу есть только твой ум, твои умелые руки и быстрые ноги, а так же то, что родил сам лес. Оказавшись в таком положении, некоторые могут испугаться, расплакаться и печально опустить руки. И тогда трудности победят их. Задача человека в такой ситуации победить свои слабости – страхи и печали. Победить и приспособиться к новым условиям жизни. Такие победители выживают не только в лесу, но и на необитаемых островах.

Задание №2

Внутри тебя живет Король – Победитель. Он умеет побеждать не только внешних врагов, но и собственные слабости. Нарисуй его. (Обсуждение вывешиванию рисунков детей)

Продолжение сказки. Волшебники говорят, что самые важные победы в жизни человека – это победы над самим собой, над своими слабостями и капризами.

Задание №3

Составьте портрет своего характера из перечисленных слов: добрый, злой, слабохарактерный, решительный, самостоятель-

ный, скромный, хвастливый, честный, нежный, терпеливый, смелый, хвастливый, честный, нежный, терпеливый, смелый, настойчивый, уверенный, чуткий, мужественный, вспыльчивый.

Продолжение сказки

Многие взрослые владеют этим искусством побед над собственными слабостями. Они учились этому с детства. Например, не хотелось им идти в школу или готовиться к контрольной работе, но они побеждали свое нехотение, подготавливали необходимые задания. Такой опыт маленьких побед над собой очень помогает им во взрослой жизни. Ведь взрослым приходится решать гораздо более трудные задачи вопросы, чем преодоление собственных капризов или подготовка домашних заданий.

Маленькие победы над собой, над своими капризами, ленью, слабостями называют «самодисциплиной». Благодаря ей осваивается искусство Победителя. Человек приобретает привычку побеждать.

Задание №4. Представь себе, что ты пришел на встречу с Королем – Победителем. Такая встреча называется аудиенцией. Что ты хочешь у него спросить? Какие советы он может тебе дать, чтобы помочь тебе побеждать слабости?

Что ты хочешь спросить у Короля – Победителя?

Советы, которые может тебе дать Король – Победитель для того, чтобы помочь тебе побеждать слабости.

Продолжение сказки. Знаешь, некоторые ребята, обладающие большой силой, любят показывать, какие они сильные. Им нравится, когда их боятся. Они думают, что через страх они получают от других уважение. Но это не так. Страх и уважение – это совершенно разные вещи. Более того, страх убивает уважение. По – настоящему люди уважают тех, кто научился побеждать самого себя за счет внутренней силы.

Задание №5. Придумай пять законов будущей победы. Для этого закончи пять раз две фразы: «Чтобы побеждать, нужно ...» и «Чтобы победить свои слабости, капризы и лень, нужно ...»

Задание №6. Творческая деятельность. Подумайте и напишите, какими качествами характера должен обладать человек, чтобы победить внутренних и внешних врагов.

Класс делится на 2 группы. Каждой группе выдается лист, на котором изображен контур человека. Группы должны подобрать качества и записать их вокруг человека.

Конверт №1: снисходительность, злорадство, эгоизм, конфликт, доброта, уважение, понимание, миролюбие, бессердечность, страдание, великодушие, бестактность, сердечность, хвастовство, равенство, грубость, милосердие, зазнайство, благосклонность,

Конверт №2 миролюбие, доброта, бессердечность, прощение, равенство, уважение, милосердие, вспыльчивость, диалог, раздражение, сердечность, конфликт, великодушие, поддержка, миролюбие, сотрудничество, равенство, сострадание, скупость, ложь, согласие, зависть.

Обсуждение игры. Участники занятия обсуждают игру, делятся своими впечатлениями. Отвечают на вопросы.

От сердца к сердцу. Участники рассказывают о своих ощущениях.

Тест на определение степени развития вашей воли.

1. В состоянии ли вы завершить начатую работу, которая вам совсем не интересна?

2. Преодолеваете ли вы без особых усилий внутреннее сопротивление, когда нужно сделать что-то неприятное?

3. Когда вы попадаете в конфликтную ситуацию, в состоянии взять себя в руки?

4. Если вам прописана диета, сможете ли ее не нарушать?

5. Можете ли вы утром встать раньше обычного, как было запланировано вечером?

6. Останетесь ли вы на месте происшествия, чтобы рассказать о нем?

7. Быстро ли вы отвечаете на письма?

8. Если у вас вызывает страх предстоящее посещение стоматологического кабинета, сумеете ли вы быстро преодолеть это чувство?

9. Являетесь ли человеком слова?

10. Собираетесь ли вы поехать в летний лагерь?

11. Вы отправляетесь в летний лагерь без колебаний?

12. Строго ли вы придерживаетесь распорядка дня: времени пробуждения, приема пищи, занятий, уборки и прочих дел?

13. Относитесь ли вы неодобрительно к библиотечным задолжникам?

14. Вы отложите выполнение срочной работы, чтобы посмотреть интересную передачу?

15. Сможете ли вы прервать ссору и замолчать, какими бы обидными ни показались вам слова «стороны противника»?

Да – 2 балла, Нет – 0 баллов, Не знаю – 1 балл.

0-12 баллов. Вам нужно развивать илу воли. Вы просто делаете то, что легче и интереснее, даже если это в чем – то может повредить вам. К обязанностям относитесь нередко спустя рукава, что бывает причиной разных неприятностей для вас. Ваша позиция выражается известным изречением: «Что, мне больше всех надо?». Любую просьбу, любую обязанность вы воспринимаете чуть ли не как фактическую боль. Дело тут не только в слабой воле, но и в эгоизме. Постарайтесь взглянуть на себя с учетом такой оценки – может быть, это поможет вам изменить свое отношение к окружающим и кое-что «переделать» в своем характере. Если удастся – от этого вы только выигрываете.

13-21 балл. Сила воли начинает проявляться в вашем характере. Если столкнетесь с припятствием, то начнете действовать, чтобы преодолеть его. Но если увидите обходной путь, тут же воспользуйтесь им – не переусердствуете, но и данное вами слово сдержите. Неприятную работу постарайтесь выполнить, хотя и поворчите. По доброй воле лишние обязанности на себя не возьмете. Это иногда отрицательно сказывается на отношении к окружающим. Если хотите достичь в жизни большего, тренируйте волю.

22-30 баллов. С силой воли у вас все в порядке. На вас можно положиться – вы не подведете. Вас не страшат ни новые поручения, ни дальние поездки, ни те дела, которые некоторых пугают. Но иногда ваша твердая и непримиримая позиция по принципиальным вопросам досаждаст окружающим. Сила воли – это очень хорошо, но необходимо обладать еще и такими качествами, как гибкость, снисходительность, доброта.

Конверт №1: снисходительность, злорадство, эгоизм, конфликт, доброта, уважение, понимание, миролюбие, бессердечность, сострадание, великодушие, бестактность, сердечность, хвастовство, равенство, грубость, милосердие, зазнайство, благосклонность,

Конверт №2: миролюбие, доброта, бессердечность, прощение, равенство, уважение, милосердие, вспыльчивость, диалог, раздражение, сердечность, конфликт, великодушие, поддержка, миролюбие, сотрудничество, равенство, сострадание, скупость, ложь, согласие, зависть.

5-сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг

А. АГАЙДАРОВА,
А. ТУРСУМБАЕВА

Мақсаты: оқушылардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуларына көмектесу, сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Жұмыс түрі: топтық.

Тренинг ережесімен таныстыру:

1. Құпиялылық;
2. Бір-бірімізді тыңдаймыз және сөзді бөлмейміз;
3. Белсенді боламыз;
4. Бір-бірімізге ренжімейміз;
5. «Қазір» және «осында» принципі.

Тренингтің жоспары:

1. «Кел танысайық» ойыны;
2. «Шаттық шеңбері» жаттығуы;
3. «Карусель» ойыны;
4. Рефлексия.

1. «Кел танысайық» ойыны.

Мақсаты: топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым-қатынастың белсенді стилін және кері байланыс алу тәсілдерін меңгеру.

- Алдымен танысайық, біз оны былай жасаймыз: дөңгелене отырып, сағат тілі бойынша, кезек-кезек әр қатысушы өз атын және өзінің нақты хоббиін, сүйікті ісін (неге қызығатынын, қабілеті неге икемді екендігін және т.б. айтуға болады) айтады. Екінші ойыншы өзі туралы айтпас бұрын алғашқы адамның сөзін қайталап айтуы керек. Содан кейін ғана өзі туралы айтады. Ал үшінші адам бірінші, екінші адамның айтқанын қайталап, содан соң өзі жайында хабарлайды. Ойын осылай жалғаса береді.

Талқылау:

1. Қай ойыншының есімі, сүйікті ісі сенің есінде жақсы қалды?
2. Қай қатысушыны еске түсіру қиынға соқты?
3. Не үшін қиын болды деп ойлайсың?
4. Қатысушылардың сені есінде сақтай алмауы қалай әсер етті?

2. «Шаттық шеңбері» жаттығуы.

Жаттығу барысында оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынылады. Оң қолымызды жоғары көтеріп-аспаннан, сол қолымызды төмен түсіріп-жерден жылу аламыз. Енді барлығымыз жақынырақ тұрып бір-бірімізге алақанымызды қойып, алақан арқылы жылу аламыз! Айналамыз!Рахмет!

3. «Карусель» ойыны.

Топ мүшелері «карусель» шарты бойынша яғни, бір-біріне қарап тұрады және екі шеңбер құрады: ішкі шеңбер қозғалыссыз, ал сыртқы шеңбер қозғалмалы болады.

Жағдаят мысалдары:

- Сіз қарсы алдыңызда өзіңіз жақсы танитын, бірақ едәуір ұзақ уақыт бойы көрмеген адам тұр. Сіз бұл кездесуге қуаныштысыз;
- Сіздің қарсы алдыңызда таныс емес адам тұр. Онымен танысыңыз;
- Сіздің қарсы алдыңызда кішкентай бала тұр, ол әлденеден шошынған. Оған жақындап барыңыз және оны жұбатыңыз.

Байланыс орнатуға және әңгімелесуге 3-4 минут беріледі. Содан соң психолог белгі береді және тренингке қатысушылар келесі қатысушыға жылжиды.

4. Рефлексия:

Бір-бір бетке қатысушы балалардың аты-жөні жазылды. Сол бетке кез келген бала сол балаға тілектерін және не сыйлайтынын мысалы: «Қарлығаш, мен саған үлкен бақыт сыйлаймын немесе саған ашық мінез сыйлаймын!» - деп жазуы керек.

Жоғары сыныптың ата-аналары мен оқушылары арасында өткізілген танымдық сабақтың жоспары

Ш. МАХАТОВА

Мақсаты: «Өмір» құндылықтарының мәнін ашу арқылы адам өмірінің сипаты мен тірлігі туралы ұғымдарын кеңейту.

Міндеттері: Өмір сырын түсіну, өмір сүру жолдары туралы ұғымдарын кеңейту, өмірден өз орнын таба білуге машықтандыру.

Барысы:

1. Психологиялық дайындық, ән айту.

2. Кіріспе.

Қазақ халқы өмірді ағып жатқан өзенге теңейді. Өйткені, өмір өзен тәрізді тоқтаусыз, ешкімге білдірмей өтіп жатады. Сол өзен ағынында кейбір жан өз арнасын тауып жатса, енді кейбіреулері бастарын тасқа да, жарға да ұрып, өз жолын таба алмай жатады. Өмірде өз ағысымыз бен арнамызды тура табуымыз үшін өзімізді, өзгелерді, қоршаған ортаны танып-біліп, рухани құндылықтарды терең меңгеріп, адамгершілік қасиеттерді бойымызға дарытсақ, мақсаттарымызға қол жеткізе аламыз.

- Өмір жайлы сіздің түсінігіңіз? Өмір дегеніміз не? Әркім өз ойын екі сөйлем арқылы білдіруі керек.

Дәйексөз:

«Өзін үлкен адами тереңдікте сезіне алмаған адам өмірдің қызығын сезіне алмайды».

3. Салынған суреттерге талдау жасау. Суреттерді экраннан көрсету.

4. 0-17 жас аралығында бала мен ата-ана арасында қандай қарым-қатынас болу керек?

Тәжірибелік жұмыс.

Орамалдар мен жіптер. Ортаға бір оқушыны шығару.

Бала өмірге келді. Ата-аналар не істейді?

0-1 жас арасында тамақтандырады, еркелетеді, түнде қарайды, киімін ауыстырады.

3 жастан бастап тежеу жасайды, ананы болмайды, мынаны ұстама, мынаны көршілер келгенде айтпа дейді.

Бірінші баланың қолы байланады, сосын аяғы, мынаны көруге

болмайды дейді, көзін байлаймыз, аузын байлаймыз, 13 жасқа келгенде біреуге ғашық екенін айтса, қой, одан да сабағыңды оқы деп, жүрегінің тұсын байлаймыз, сосын мойнын үзеңгілейміз, көзін, құлағын, аузын жабамыз.

Міне, көріңіз, осындай бала 7 жасқа толғанда мектепке келеді. Дұрыс оқымаса, мұғалімнен көреміз.

Сосын байлаулы баладан сұрау. Бірінші қай жіпті шешкің келеді? Сосын талқылау. Бала өз жас ерекшелігінде өз қажеттілігін орындамаса, келесі кезеңге өте алмайды. Соны кейін орындайды, сол үшін бәрі өз уақытында болғаны дұрыс.

5. «Ренішті сөйілу» жаттығуы.

Ішкі дүние ақ болса, өмір сүру оңай.

Денеңізді бос ұстаңыз, тынышталыңыз. Өзіңізді театрда отырмын, ал алдымда шағын сахна деп елестетіңіз, сахнаға сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. (Дүниеде ең жек көретін адамыңыз). Бұл адам тірі немесе өлі болуы мүмкін. Сондай-ақ сіздің жек көру сезіміңіз де не өткен шақтікі не осы шақтікі. Сіз бұл адамды анық көрген кезде, ол адамның өмірінде үлкен маңызға ие жақсылықтар болып жатыр деп елестетіңіз. Оны жайдары және бақытты күйде көзіңізге елестетіңіз. Осы образды өз елестетуіңізде бірнеше минут ұстап тұрыңыз, сосын жойып жіберуге болады. Сосын, сіз кешіруге тиіс адам сахнаны босатады, ол жерге өзіңізді қойыңыз. Өзіңізді бақытты да, жайдары қылып елестетіңіз. Және «Жаратылыстың мейірімі» біздің бәрімізге де жететінін біліңіз.

Қорытынды. Бұл жаттығу қордаланған реніштердің қара бұлттарын сөйілтеді. Осы жаттығуды жасаған сайын қиялыңызда түрлі адамдарды суреттеуге болады. Жаттығуды бір ай бойы күніне бір реттен жасап тұрсаңыз, қаншалықты жеңілдегеніңізді байқайсыз.

Өмірде кешірімді болған дұрыс, балаға соны үйрету керек.

6. «Бір-біріне арқа тіреу» жаттығуы

Екі адам бір-біріне арқасымен отырады. 1-варианттағылар өзінің өміріндегі келеңсіз, жағымсыз жағдайлар жайлы көршісіне айтады. Одан кейін келесі көршісі айтады.

- Айту оңай болды ма?

- Жоқ.

Сіз айтуда көмек іздедіңіз, арқасымен отырған көршіңіздің түрін көргіңіз келді. Сол сияқты, бала да көмек іздейді. Осыны баламен сөйлескен кезде ескерген жөн.

7. «Өмірдің үлкен тастары». Тәжірибелік жұмыс.

3 литрлік банкаға үлкен тастар салып, толды ма деп сұрау, толмаса майда тастар салу, су құю, топырақ салып толтыру.

- Осы жасалынғандардан не түсіндіңіздер?

Бұдан алынатын сабақ – үлкен тастарды ең басында орналастырмасаңыз, кішкене тастар мен басқа майда-шүйде нәрселер банкінің ішін толтырып, үлкен тастарға орын қалмай қалады.

- Өміріңіздегі үлкен тастарыңыз не?

- Отбасы, балаңыз, достар, иманыңыз, біліміңіз, денсаулығыңыз, басқаларға пайдалы болу, біреулерге бір нәрсе үйрету, дүниені шарлау, т.б. ма?

Кілті:

Өміріңіздегі үлкен тастардың не екенін жақсылап түсініп, өміріңізді солармен толтырыңыз, әйтпесе мақсатыңызға қатысы жоқ заттармен айналысып, ол тастарыңызды өміріңізге сыйдыра алмай қаласыз.

Өмір туралы 13 ой:

1. Мен сені кім болғаның үшін емес, сенің қасыңда болғанда өзімнің кім екенім үшін сүйемін;

2. Ешкімнің де сені жылатуға қақысы жоқ, ал оған қақысы барлар өздері-ақ сені жылатпайды;

3. Сені біреулер сен қалағандай сүймесе, ол сені жан-тәнімен сүймейді деп ойлап қалма;

4. Шын дос сенің қолыңды ұстап тұрып, сенің жүрегіңді сезетін адам;

5. Адамды аңсаудың нашар тәсілі – онымен бола тұрып, оның ешқашан сендік болмайтынын түсіну;

6. Сені мұң басса да күліп жүруді ешқашан тоқтатпа, сенің күлкіңе біреулер ғашық болып қалуы мүмкін ғой;

7. Бұл өмірде сен бар болғаны адам ғана шығарсың, бірақ біреулер үшін сен – бүкіл әлемсің;

8. Уақытын сенімен бірге өткізгісі келмеген адамға уақытыңды кетірме;

9. Біз қалауымыздағы бірегей адамды қалай қабылдайтынымызды білу үшін құдай басқа адамдармен кездестіреді. Бірегей адамды кездестіре қалғанда, біз сол жақсылықты білу үшін солай жасаса керек;

10. Жылама, өйткені бұл жаманшылық бітіп кетті, күле қабылда, өйткені солай болды;

11. Сенің жаныңды ауыртатын адамдар қашан да табылады,

адамдарға сенуді жалғастыра бер, бірақ сақ бол;

12. Жаңа бір адамды кездестіріп, ол мені түсінеді деп үміттенгенше, өзің жақсар және өзіңнің кім екеніңді біл;

13. Соншама тырыса берме, барлық жақсы нәрселер күтпеген жерден болады. Біліп ал: Болған нәрсенің бәрінің бір себебі бар.

9. Қорытынды:

Бүгін біз өмір жайлы айтып өттік. Сабақтың негізгі мақсаты да өмір құндылықтарының мәнін ашу арқылы адам өмірінің сипаты мен тірлігі жайлы. Өмірдің сырын түсініп өмір сүру жолдары жайлы сөз еттік. Ертеңгі күнге сене біл, болашақпен өмір сүр. Бүгінгі қайғыны ертең ойлама! Бүгінгі нәрсе бүгінмен қалсын.

11-сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг

А. ГУБАЙДУЛЛИНА

Тренинг мақсаты: Оқушылардың өзі-өзін бағалауын жоғарлату, кез келген қиындыққа басқа көзбен қарап, өз мақсатына жетуді көздеуге үйрету.

Құрал-жабдық: қағаз, қалам, жүрек, бейнеролик.

Тренинг барысы. Оқушылармен сәлемдесу.

- Құрметті оқушылар, бізде бүгін ерекше тренинг, тіпті сиқырлы деп айтуға болады. Мына қорапта сендерге арналған сөздер, оны сендерге сиқыршы жазып қалдырды, кімде-кім «Сиқыршы, сиқыршы мен қандаймын?» деп қораптан бір парақ қағазды алса, сонда жазылған қасиетке ие болады.

Психологиялық ахуалды жақсарту.

1. «Амандасамыз» жаттығуы.

Жаттығу барысы: қазір біз өте тез қимылдайтын ойын ойнаймыз.

Ең алдымен барлығымыз бөлме ішінде үнсіз қалыпта қозғалысқа түсеміз. Мен шапалақ соғу арқылы белгі берген кезде өте шапшаң қимылмен бір-бірлеріңізбен амандасуларыңыз қажет. Қалай амандасу керек екенін мен айтып тұрамын. Әр кезде әр түрлі адаммен амандасу қажет. Ендеше бастайық, көзбен аман-

дасу, қолмен..., иықпен..., құлақпен..., тіземен..., маңдаймен..., өкшемен..., арқамен.

2. «Өз күшіне сену!» деген ұғымға ассоциация айту.

Оқушылар өз аттарын және өзінің өмірлік ұстанымдарын айтады.

Мысалы: «Өмірдің ағымынан қалмау»;

«Ешқашанда білмеймін демеу»;

«Қасымдағыларға көмектесу, қуаныш сыйлау»;

«Биік шыңға ұмтылу».

3. Ник Вуйчич туралы «Өзіне сену» атты бейнеролик көрсету.

4. «Өз жұлдызыңды тап» жаттығуы.

Мақсаты: Оқушының өзіне деген сенімділігін арттыру.

Ал енді жұлдызды аспанды көз алдыңызға елестетіңіз. Жұлдыздар алып және кішкентай, жарық немесе күңгірт. Біреуіңіз үшін ол бір немесе бірнеше жұлдыз. Олар бірде жақындайды, бірде алыстайды. Жұлдыздарға анықтап қарап өзіңізге ұнағанын таңдаңыз. Мүмкін ол сіздің балалық арманыңызға ұқсайтын болар, мүмкін ол сізге қуаныш бақыт, сәттілік серпіліс сәттерін есіңізге түсіретін болар. Тағы да сол жұлдызыңызды тамашалап енді бар күшіңізді салып сол жұлдызға қолыңызды созыңыз және міндетті түрде сол жұлдызыңызға қол жеткізіңіз. Аспаннан мұқият түсіріп алып, ептеп алдыңызға қойыңыз, қандай екенін, қалай сәуле шашатынын есіңізге сақтаңыз. Енді қағаз қаламдарыңызды алып сол жұлдыздың суретін салыңыз. Сіздің әрқайсыңыздың әдемі жұлдызыңыз сізге мейірімділік, достық өзара көмек қолдау сәулесін шашып турады. Енді жұлдыздарыңызды арман картасын жасап соған орналастырасыздар. Арман картасына ҰБТ-дан қанша балл жинайсыз, алдыңызға қандай мақсат қойдыңыз, соны жазасыз. Арман карталарыңыз өте әдемі болуы керек.

5. «Сыр сандық» жаттығуы. Ойлануға арналған «Сыр сандық» ойынының шартын таныстырамын. Мен сұрақтарды оқимын. Әр сұраққа 2-3 оқушы жауап беруі керек. Барлығы 10 сұрақ.

Ойынның шарты: Біз бір-бірімізді жақын тану үшін барлығыңа «сыр сандықты» ұсынамын. Топтың әр қатысушысы «сыр сандықтағы» аяқталмаған сөйлемді өз сөзімен аяқтайды.

1. Ең үлкен қорқыныш – бұл...
2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін...
3. Мен ренжимін, егер...
4. Мен ұмытпаймын, егер...
5. Маған көңілсіз, егер...

6. Егер маған дауыс көтерсе, мен...
7. Мен қарсыласқанда...
8. Егер мен сенімсіз болсам, онда...
9. Егер маған біреу ұнап қалса
10. Егер, мен шаршасам...

– Сөйлемді аяқтағанда, қандай сезімде болдыңдар? Әрине, әрқайсымыз қорқыныш, сенімсіздік, сәтсіздік сезімдерінен өттік. Ренжіген, нашар көңіл-күй немесе көңілсіздік болған шығар. Бұл сәтте қолдау мен сүйенішті қажет етеміз.

6. «Қар қиыршықтары» жаттығуы

Нұсқау: Бәріміз қолымызға ақ қағазды алып ортасынан бүктейміз. Оның оң жақ жоғарғы бұрышын жыртып аламыз. Тағы да бүктейміз, оң жақ жоғарғы бұрышын жыртып аламыз. Тағы да ортасынан бүктеп оң жақ жоғарғы бұрышын жыртамыз. Осылай мүмкіндігімізше жалғастыра береміз. Енді өзіміздің әдемі қар қиыршығын ашып қараймыз.

Талдау:

- Кімде бірдей, бір-бірінен аумайтын қар қиындысы шықты? Себебі неде деп ойлайсыздар? - не себепті бәрімізде бірдей ақ қағаз бен бірдей әрекет бола тұра әр түрлі қар қиыршықтары пайда болды?

- Себебі бәріміз бірдей әрекет жасағанмен, ол бізде әр түрлі шықты. Өйткені біз әр түрлі адамдармыз. Біздің ата-аналар мен мұғалімдер қоғамдағы орнымыз, қызметіміз, жан-дүниеміз бәрі әр түрлі. Ал біздің бірге жиналуымызда бір себеп бар – ол ҰБТ, одан жақсы жетістікке жету. Қоғамдағы орнымыз бен роліміз әртүрлі болсада, бәріміздің алдымызда тұрған мақсат бір.

Топта талқылауға арналған сұрақтар:

- Мына адамда бойында қандай қасиеттер бар?
- Оның жасағанын ерлік деп айта аласың ба?

7. «Кинг Конг» жаттығуы.

Мақсаты: Қатысушылардың бір-біріне деген сенімділіктері арта түсуі үшін.

Нұсқау: Жағдай оқылады. Егер сіз онымен келіссеңіз, айтылған әрекетті орындауыңыз қажет.

- Кімнің бойы 1.65 ұзын болса, «Кинг Конг» деп айқайласын.
- Кімнің бойы 1.65 қысқа болса, «Алақай» деп айқайласын.
- Кім бүгін таңертең дәмді таңғы ас ішсе, ішін сипасын.
- Балмұздақты жақсы көретіндер тоңып тұрғандай іс-әрекет жасасын.
- Иттерді жақсы көретіндер үрсін.
- Мысықтарды жақсы көретіндер «Мяу!» деп үш рет айтсын.

- Кофеге сүт және қант қосып ішетіндер орындарында тұрып айналсын.
- Тәтті торт жегенді жақсы көретіндер екі қолын бірдей көтеріп, күлсін.
- Мемлекеттік қорытынды аттестациялау тапсыруға қорықпайтындар «Алға!» деп айқайласын.
- Өздеріне сенімсіздер «Көмек қажет» деп айтсын.
- Осы тренингке қатысқандарына қуанатындар «Қуаныштымын!» деп бес рет айтсын.

Қорытынды сөз:

Психолог: Құрметті мектеп түлектері, алдарыңда үлкен сын тұр, сол сынға әрқашан сеніммен барыңдар. Бақытты ғұмыр болмайды, ол бақытты секунд, бақытты минут, бақытты сәттерден тұрады, біз сол бақытты сәтті сезіне білу арқылы бақытты боламыз. Бір-біріңнің қолдарыңды ұстап жоғары көтеріңдер, біркелкі хор дауыспен «Біз ҰБТ-ға сеніммен барамыз!» деп айқайлаңдар.

8-сынып оқушыларына арналған тренинг жоспары

К. АБИТОВА

«Мамандық таңдау – келешекті таңдау»

Кезең	Мақсаты	Нені қосады?
Кіріспе	Кіріспе бөлімде тренингтің мақсаты мен міндетін айқындау.	Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, жұмысшы мамандықтары туралы, болашақта елімізде сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Міндеті: кәсіптік мамандықтарға деген ынта- ықыласын, қызығушылықтарын арттыру; кәсіптік бағдар беру.
1.1. Танысу жаттығуы	Мақсаты: Оқушылардың мамандықтың түрлерін, атауын	Шарты: кез келген оқушыға бір мамандықты атап, допты лақтырамын. Қағып алған оқушы, жаңағы айтылған мамандықтың

	білу деңгейлерін саралау	соңғы әрпінен басталатын кәсіпті атайды. Мысалы: инженер — режиссер, мұғалім — механик, т.б.
1.2. Жұмыс ережесі	Топта жұмыс істеудің, тренингтің сапалы өтуіне арналған ереже құру.	• Бір-бірін «Визиткада» көрсетілген есім бойынша атау; • Біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды; • Болып жатқан іске белсенді қатысу; • Әркім өз пікірін білдіруге құқылы; • Пайда болған ой, сезімдерінді осы жерде айт; • «Басынан аяғына» дейін жұмыс істеу.
Негізі. Теориялық бөлім Е.А. Климовтың дифференциалды диагностикалық сауалдар жинағы		Сұрақ жауап: 1. Жұмысшы мамандықтарына қандай мамандықтар кіреді? Дүние жүзінде шамамен 40 000 мамандық ал Қазақстанда 5000-нан астам мамандық бар. Жыл сайын 25 млн. адам әлемде өзінің жұмыс орнын айырбастайды, олардың 12%-ы кері қайтады. Сол бір сізді толығымен қанағаттандыратын, жүрегіңізге жақын және материалды тұрғыдан тиімді жалғыз мамандықты қалай табуға болады. Тапсырма: Қандай топқа көбірек сәйкес келесіз? Мамандықтар тізімімен таныстыру; Қазақстандағы сұранысқа ие 10 мамандық тізімі • Инженерлер; • IT мамандар; • Дәрігерлер; • Мұғалімдер; • Маркетинг саласындағы мамандар; • Менеджерлер; • Қонақ үй мен туризм саласындағы мамандар; • Есепші-кассирлер; • Логистика бойынша мамандар; • Биотехнология саласындағы мамандар.

Тәжірибелік бөлім «Биіктік жаттығуы» «Ойлануға арналған балықтар» «Мамандық-тар әлемінде» постер қорғау	Оқушының өмірлік жетістіктеріне жету мақсатына талпындыру, сенімділігін нығайту. 	Қатысушылардың біреуі шығады. Оған мынадай нұсқау беріледі. «Қабырғаға жақын тұр, сосын секір. Қай жерге дейін секіргенін белгілеу. Енді барынша жоғары секір. Төбеге дейін жетуге тырыс. Секіріп жеткен жерінді белгіле». Талдау: бірінші және екінші белгі салыстырылады. Қатысушылар төмендегідей сұраққа жауап береді: - Белгі қойылған биіктердің айырмашылығы болды ма? - Қойылған талап пен мақсат нәтижесі жақсарды ма, әлде нашарлады ма? - Қалай ойлайсындар, өмірде де осындай жағдайлар кездесе ме? <i>Тренингке қатысушыларға көлдегі балықтарды аулау немесе таңдау тапсырмасы беріледі. Балық артында мамандықтар иесінің суреті бейнеленген. Балықшы балық артында жасырынған мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысу керек. Қалғандары мамандықты табулары керек.</i> Дәрігер. Мұғалім. Кітапханашы. Бухгалтер. Банк қызметкері. Слесарь. Сатушы. Дәнекерлеуші. А3 форматты қағазға киіз үйдің суретін салу, киіз үйдің шаңырағына – МАМАНДЫҚ сөзін жазып ал, уықтарына – бүгінгі тренингте айтылған сұранысқа ие он мамандықтарының аттарын жазады. Керекелеріне – әрқайсыларының осы мамандықтың пайдасы, неліктен таңдады, қызығушылығың оянды ма? Сол туралы қысқаша жазуы керек.
Аяқтау. Жоғары сынып оқушыларына болашақтағы оқу орындарын таңдаудағы кеңестер.		Өзіңізге мамандықты дұрыс таңдау үшін, ҮШ ТҮРЛІ НӘРСЕНІ толықтай білу керек. 1. Сіздің КӘСІБИ МҮДДЕЛЕРІҢІЗ БЕН КҮШ ЖІГЕРЛЕРІҢІЗ, яғни сіздің қалауыңыз, ынталандыруларыңыз, белгілі бір әрекеттерге деген

Аяқтау. Жоғары сынып оқушыларына болашақтағы оқу орындарын тандаудағы кеңестер.	қажеттіліктеріңізді, нәтижеге ғана емес, адамның сол үдеріске ұмтылуы. Жұмысқа деген бейімділік жұмыстың тартымдылығы мен оған деген қызығушылыққа байланысты. Бейімділіктер шартты түрде «МЕН ҚАЛАЙ-МЫН» дегенді білдіреді. 2. Өз мүмкіндіктеріңізді, яғни қызметтерді сәтті жүзеге асыруға әсер ететін адамның жеке қасиеттерін бағалау. Қабілеттіліктер «МЕН ІСТЕЙ АЛА-МЫН» деген шартты сөздермен өрнектеледі. 3. Еңбек нарығында қандай мамандықтар сұранысқа ие, қандай мамандықтар бойынша өзіне жұмыс табуға болатындығын анықтау. Басқаша айтқанда, «ҚАЖЕТ» дегеніміздің не екенін анықтау. Сіздің жұмысыңыз — бұл мамандықты табу: Сіз үшін қызықты әрі тартымды болып табылады Сіздің қабілеттіліктеріңізбен сәйкес келеді Еңбек нарығында сұранысқа ие <i>«Егер адам қандай да бір жолды таңдай алмаса, оған жел де жолсерік бола алмайды» (Сенека).</i> Қолымнан келеді + Жасағым келеді + Жасау керек = Еңбекті дұрыс тандау
Рефлексия	Суретті тест. Тренингтен алған әсері. Қатысушыларға ақ параққа күннің, бұлттың, жаңбырдың, жасыл шөптер бейнеленген парақ таратылады. Тренингтен алған әсерін, бір біріне тілектерін сол берілген суреттердің біреуіне жазады. Күннің суреті — тренингке қатысушының толық қанағаттанғаны көңілденгені. Бұлттың суреті — алған әсері төмен. Жаңбырдың суреті — ешқандай әсер алмағаны. Жасыл шөптер — көңілді, жақсы әсер алғаны.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Құрметті әріптестер!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 85 жылдығына орай **«Заманауи білім мен ғылым: тарихы, болашағы»** атты халықаралық ғылыми конференцияға қатысуға шақырамыз.

Конференцияның мақсаты: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ғылым, білім, саласында іргелі және қолданбалы зерттеулерге бағытталған тәжірибелерімен бөлісу. 85 жылдық тарихы бар кафедра ғалымдарының еліміздің дамуына қосқан зерттеулері мен өнегелерін насихаттау.

Конференцияға ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамы, білім беру жүйесінің басшылары, мұғалімдер, докторанттар, магистранттар, студенттер және жас ғылыми зерттеушілер қатыса алады.

2025 жылдың 31 қаңтарында оффлайн және онлайн режимінде өтеді. Конференцияның Zoom сілтемесі бағдарламада беріледі.

КОНФЕРЕНЦИЯ СЕКЦИЯЛАРЫ:

Секция 1. Қазақстанның жоғары білім берудегі проблемалары мен даму тенденциялары;

Секция 2. Қазіргі кездегі педагогика және психология саласындағы инновациялар: цифрлық педагогика, жасанды интеллект және ұлттық құндылықтар;

Секция 3. Инклюзивті білім беру жағдайында мектеп пен жоғары мектеп сабақтастығы.

Дөңгелек үстел: Ұлттық кадрларды дайындаудағы ғылыми зерттеулер: тарихы, болашағы.

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

Мәтін форматы: Microsoft Word (*.doc, *.docx); A4; беті қойылмайды;

Өрістер (барлық өрістер): 2 см;

Жоларалық интервал: біркелкі;

Мақала көлемі: 3 – 5 беттен көп емес;

Бір мақаладағы авторлардың саны: бір немесе үш автор;

Мақала мәтінінің тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

- мақаланың атауы (бас әріптер, қаріп-қалың, ортасына туралау);
- мақала авторының аты-жөні (кіші әріптер, қаріп-қалың, оң жақ жиегі бойынша туралау);
- ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы (оң жақ шеті бойынша туралау);
- жұмыс (оқу) орны (оң жақ шеті бойынша туралау);
- аннотация (3 тілде – қазақ, орыс, ағылшын: кегль 10, кемінде 20-30 сөз, ені бойынша туралау);
- тірек сөздер (3 тілде – қазақ, орыс, ағылшын: бес сөзден кем емес);
- жолдан кейін, мақаланың негізгі мәтіні (Times New Roman, кегль 12, жоларалық интервал – 1,0, абзац
- мақаланың негізгі мәтіні (кегль 10, жоларалық интервал – 1,0, абзац шегінісі-1 см, ені бойынша туралау);
- әдебиеттер тізімі: (мақаланың соңында мәтіндегі дереккөзді пайдалану тәртібімен ресімделеді; мәтінде сілтемелер дереккөз нөмірі көрсетілген төртбұрышты жақшалармен және үтір арқылы – бет нөмірлерімен көрсетіледі [5, б. 115]

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Конференцияға қатысты сұрақтар бойынша ұйымдастыру алқасы мүшелеріне байланысуларыңызды сұраймыз.

Шакирова Арайлы Далеловна +7 771 472 5413

Алгожаева Нурсулу Сеиткеримовна +77026981856 (ұйымдастыру жарнасын төлеу, Каспий голд телефон номері бойынша +77026981856);

Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевна +77773282886 (ұйымдастыру жарнасын төлеу, Халық банк телефон номері бойынша +77773282886);

Конференцияға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне **2025 жылдың 10 қаңтарға дейін** (arayly.shakirova85@mail.ru) конференцияға қатысу туралы өтінім, жарияланатын мақалаларды жіберу қажет. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдер мен мақалалар қабылданбайды.

Конференция жинағына мақала жариялау: **3000** теңге тұрады (мақалаға тіркеу жарнасының төленгені туралы түбіртектің сканерленген көшірмесі қоса берілуі керек)

Ғылыми конференцияны ұйымдастырушы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і, философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы.

Мекен-жайы: Алматы қ., Масанчи көшесі 39/47, ауд. 408.+7 (727) 377-33-33 (ішкі байланыс: 17-50)

Мақаланы ресімдеу үлгісі:

МАҚАЛА АТАУЫ

Аты-жөні

п.ғ.к., аға оқытушы,

Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Аннотация: мәтін.

Тірек сөздер: мәтін

Мәтін. Мәтін. [1, с. 125]. Мәтін. [2, с. 132].

Әдебиеттер тізімі

1. Дүйсенбаев А.Қ. *Педагогика. Оқулық.* – Астана: «Фолиант», 2018. – 264 б.

2. Adilova E., Aimaganbetova O. *Value orientations of modern Kazakhstanis*// Open Psychology Journal, 2021, 14(1), pp. 150-162.

3. Вайс М. Н. Диагностика состояния доречевого развития детей с ДЦП группы «Особый ребенок» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <http://logopedia.by/?p=2553>. (12.01.2024)

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІШІ

	Автор 1	Автор 2
Автордың аты-жөні (толық)		
Дәрежесі (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы; студент, магистрант)		
Жұмыс (оқу) орны		
байланыс телефоны		
E-mail		
Мақала атауы		
Секция атауы		
Ғылыми жетекші: аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі		



**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

**КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО
МЕНЕДЖМЕНТА**

Уважаемые коллеги!

Приглашаем Вас принять участие в международной научной конференции «Современное образование и наука: история, перспективы», посвященной к 85-летию кафедры педагогики и менеджмента образования Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Цель конференции: Обмен опытом кафедры педагогики и менеджмента образования Казахского национального университета имени аль-Фараби, направленным на фундаментальные и прикладные исследования в области науки, образования. Пропаганда заслуг и вклад ученых в развитие университета кафедры, имеющей 85-летнюю историю страны.

В конференции могут принять участие: ученые, профессорско-преподавательский состав вузов, руководители системы образования, учителя, докторанты, магистранты, студенты, молодые научные исследователи.

Конференция состоится 31 января 2025 года в оффлайн и онлайн формате. Ссылка на Zoom конференции предоставляется в программе.

СЕКЦИИ КОНФЕРЕНЦИИ:

Секция 1. Проблемы и тенденции развития Казахстана в высшем образовании;

Секция 2. Инновации в современной педагогике и психологии: цифровая педагогика, искусственный интеллект и национальные ценности;

Секция 3. Преемственность школы и высшей школы в условиях инклюзивного образования.

Круглый стол: Научные исследования в подготовке национальных кадров: история, перспективы.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЬИ

Формат текста: MicrosoftWord (*.doc, *.docx); A4;

Поля (верхнее, нижнее, левое, правое): 2 см;

Шрифт: Times New Roman, размер (кегель) – 12;

Межстрочный интервал: одинарный;

Объём статьи: не менее 5 стр.;

Количество авторов в одной статье: не более 3-х.

Языки текста статьи: казахский, русский, английский.

- название статьи (прописные буквы, шрифт – жирный, выравнивание по центру);
- ФИО автора(-ов) (строчные буквы, шрифт – жирный, выравнивание по правому краю);
- учёная степень, учёное звание, должность (выравнивание по правому краю);
- место работы (учёбы) (выравнивание по правому краю);
- аннотация на трех языках (казахском, русском, английском языке (кегель 10, не менее 20-30 слов, выравнивание по ширине);
- ключевые слова (кегель 10, не менее 5 слов, выравнивание по ширине);
- через строку – основной текст статьи (кегель 10, межстрочный интервал – 1,0, абзацный отступ – 1 см, выравнивание по ширине);
- список литературы: оформляется в конце статьи **в порядке использования источника в тексте** под названием «**Список источников**». В тексте **ссылки** обозначаются квадратными скобками с указанием номера источника и через запятую – номера страницы: [5, с. 115].

КОНТАКТНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

По вопросам, связанным с конференцией, просим обращаться к членам организационной коллегии.

Шакирова Арайлы Далеловна +77714725413,

Алгожаева Нурсулу Сеиткеримовна +7 7026981856 (оплата организационного взноса каспий голд по номеру телефона +7 7026981856);

Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевна +7 7773282886 (оплата организационного взноса Народный банк по номеру телефона +7 7773282886);

Для участия в конференции необходимо до **10 января 2025 года** представить в Оргкомитет заявку на участие в конференции, статьи для публикации (arayly.shakirova85@mail.ru). Заявки и материалы, присланные позже указанного срока, не принимаются.

Публикация статьи в сборнике конференции: стоимость **3000** тенге (к статье необходимо приложить скан-копию квитанции об оплате оргвзноса)

Организатор научной конференции: КазНУ им. аль-Фараби, факультет философии и политологии, кафедра педагогики и образовательного менеджмента.

Адрес: г. Алматы, ул. Масанчи 39/47, ауд. 408. +7 (727) 377-33-33
(внутренняя связь: 17-50)

Образец оформления статьи:

НАЗВАНИЕ СТАТЬИ

ФИО автора
к.п.н., ст., преподаватель
Кафедра педагогики и образовательного менеджмента,
КазНУ имени ал-Фараби

Аннотация: текст, текст, текст, текст, текст.
Ключевые слова: текст, текст, текст, текст, текст

Текст. Текст. Текст. Текст [1, с. 125]. Текст. Текст. Текст.
Текст. Текст. Текст. Текст. Текст [2, с. 132]. Текст. Текст. Текст.
Текст. Текст. Текст

Список источников

1. Дуйсенбаев А.К. Педагогика. Учебник. – Астана: «Фолиант», 2018. – 264 с.
2. Adilova E., Aimaganbetova O. Value orientations of modern Kazakhstanis// Open Psychology Journal, 2021, 14(1), pp. 150-162.
3. Вайс М. Н. Диагностика состояния доречевого развития детей с ДЦП группы «Особый ребенок» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <http://logopedia.by/?p=2553>. (12.01.2024)

ЗАЯВКА УЧАСТНИКА

	Автор 1	Автор 2
ФИО автора (полностью)		
Статус (ученая степень, учёное звание, должность, студент, магистрант, докторант)		
Наименование места работы (учёбы)		
Контактный телефон		
E-mail		
Название статьи		
Номер и название секции		
Научный руководитель: ФИО – учёная степень, ученое звание, должность		

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБИТОВА Камшат Амангелдиевна – «Атамекен орта мектебі» КММ педагог-психологы. Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

АГАЙДАРОВА Арайлым Хабибулловна – Красный Яр ауылының №3 көпсалалы мектеп-гимназиясының педагог-психологы. Көкшетау қаласы, Ақмола облысы.

АМАНГЕЛДІ Інжу Сапарғалиқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «7М011 – Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты. Алматы қаласы.

ГУБАЙДУЛЛИНА Алмагул Мейрамғалиқызы – №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінің педагог-психологы. Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ДУЙСЕНОВА Нургуль Кенжеғалиевна – Б. Жаникешев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы. Бөкей ордасы ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ЕСЕНҒАЗЫ Нұрлан Ізденұлы – Бопай ханым жоғары медициналық колледжінің «Хирургия, анестезиология және реанимация» пәні оқытушысы, Қазақ Билер Ақылдасу Алқасының бас биі. Ақтөбе қаласы.

ЖУКЕБАЕВА Гүлмира – №2 жалпы орта білім беретін кешкі мектептің педагог-психологы. Шымкент қаласы, Түркістан облысы.

КЫДЫРБАЕВА Куралай Оразовна – педагог-психолог Белагашской СШ Жаксынського района Акмолинской области.

МАХАТОВА Шынар – А. Тоқмағанбетов атындағы №135 орта мектебінің педагог-психологы. Сырдария ауданы, Қызылорда облысы.

МЫРЗАҒАЛИЕВА Нұрилла Серікхалиқызы – Педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінің психологы. Түркістан қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы.

ТЕЛІКБАЕВА Айгүл Сейдіазімқызы – М. Жұмабаев атындағы №39 ЖОББМ педагог-психологы. Шымкент қаласы.

ТУРСУМБАЕВА Альмира Думановна – Красный Яр ауылының №3 көпсалалы мектеп-гимназиясының педагог-психологы. Көкшетау қаласы, Ақмола облысы.